



ҚАЗАҚ КӨТЕРГЕН  
КӨК ТҮ

8-БЕТ | ҚОҒАМ



ҰЛЫЛЫҚТЫ  
ҰЛЫҚТАУ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



ВЕЙПТИҢ ҚАУШ

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалпыұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдіретті күш бар. Айтулы мерекелер мен әлемдік дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елімізге деген мақтаныш сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік мақсаттарға қол жеткізу жолында күш-жігер береді.

№66  
(4654)

Сейсенбі  
4 маусым  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛ МЕРЕЙІ

Бүгін – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіз елдің, дербес мемлекеттің мәртебесін айқындайтын ең басты құндылықтар саналады. 1992 жылдың 4 маусымы – ел тарихындағы ерекше күн. Бұл күн еліміздің Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Әнұраны қабылданған күн ретінде мерекелік күнтізбеге қосылды.



Бас қалада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына 100 күн қалуына орай салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Елорда тұрғындарына көшпенділер ойындарының мазмұнын таныстыруға және ұлттық спорт түрлерін насихаттауға арналған іс-шараға садақ ату, қазақ күресі, тоғызқұмалақ және асық атудан көрсетілім ұсынылды. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 8-13 қыркүйек аралығында өтеді.



Таиландта бокстан өткен соңғы лицензиялық турнирде Қазақстан боксшылары 3 жолдама алды.

Ерлер жарысында Мұхамедсабыр Базарбайұлы (63,5 келі), әйелдер бәсекесінде Назым Қызайбай (50 келі) мен Валентина Хальзова (75 келі) сәтті өнер көрсетіп, Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндік беретін лицензияға қол жеткізді. Жалпы бүгінгі таңда Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары барлық спорт түрі бойынша әзірге 58 лицензияға ие болды. Осы айда қазақстандық спортшылардың тағы бір-екі іріктеу турниріне қатысып, жолдама алуына мүмкіндік болады.



### ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ЖАҢА АУЛА

Биыл елордада 170 қоғамдық кеңістік пен аула аумағы абаттандырылады.

Өткен демалыс күндері елордада 20-дан аса аула мен қоғамдық кеңістік ашылды. Тұрғындардың игілігі үшін пайдалануға берілген демалыс нысандары қаланың барлық ауданында бой көтерді. Жаңадан ашылған, сондай-ақ күрделі жөндеуден өткен қоғамдық кеңістіктерде қазіргі заманғы жайлылық пен қауіпсіздік стандарты толықтай ескерілген.

6

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 485.18 \$ USD/KZT 447.25 ₰ RUB/KZT 4.96 ¥ CNY/KZT 61.77

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Мысыр Сенатының төрағасы Әбделуахаб Әбделразек Хасан бастаған аталған елдің Парламент делегациясымен кездесті. Онда тараптар екіжақты ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады және екі ел Парламенттерінің Палаталары арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Мәулен Әшімбаев меймандарға ілтипат білдіріп, екі мемлекет арасында дипломатиялық байланыстар орнағалы бері 30 жыл өткенін, осы уақыт ішінде жоғары деңгейге көтерілгенін атап өтті. Сондай-ақ ол қазіргі таңда әртүрлі салада, оның ішінде Парламенттер арасында да ынтымақтастық нәтижелі дамып келе жатқанына назар аударды.

«Біз Мысырмен арада қалыптасқан парламентаралық ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Екі елдің Парламентінде өзара байланыстың маңызды тетігі саналатын достық топтары табысты жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін осындай топтардың әлеуетін кеңінен пайдаланғанымыз абзал. Бұл ретте достық топтарына мүше депутаттардың өзара сапарларын ұйымдастырудың және тұрақты комитеттер арасында байланыс орнатудың маңызы зор. Сіздің бұл сапарыңыз елдеріміз арасындағы парламентаралық

диалогты дамытуға айтарлықтай үлес қосатыны анық» деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Әбделуахаб Әбделразек Хасан нәтижелі кездесу үшін Сенат төрағасына алғысын білдірді және парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытында бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

«Екі ел арасында сенімге негізделген диалог қалыптасты, біздің өзара қарым-қатынасымыздың маңызы да айрықша зор. Мұндай байланыс біздің ынтымақтастығымыздың барлық бағытына оң ықпалын тигізеді. Алдағы уақытта парламентаралық қарым-қатынасымызды нығайту, достық топтарының жұмысына тың серпін беру және тұрақты комитеттердің байланысын жандандыру ерекше мәнге ие деп есептеймін. Мұның бәрі ортақ мақсатқа қол жеткізу және сын-кәтерлерді бірлесіп еңсеру үшін маңызды» деді Әбделуахаб Әбделразек Хасан.

Сонымен қатар кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің жұмысы,



сондай-ақ биыл қазан айында өтетін съезд хатшылығының отырысына дайындық барысы сөз болды. Кездесуде сауда, экономикалық саладағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары да талқыланды. Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Мысыр халықтарына ортақ тарихи тұлға – Бейбарыс сұлтанның рөліне тоқталды. Ол өз сөзінде әйгілі сұлтанның

мешітін қайта қалпына келтіру жөніндегі бірлескен жобаның маңызын атап өтті. Бұдан бөлек, жүздесуде өңірлерді дамыту, бауырлас қалалардың рөлі және алдағы уақытта осы бағыттағы ынтымақтастықты арттыру мәселелері сөз болды. Кездесудің қорытындысы бойынша екі ел Сенатының басшылары Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

## МЫС БАЛҚЫТАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қазақстан Үкіметінің басшысы Олжас Бектенов және China Nonferrous Metal Mining Co. Ltd. директорлар кеңесінің төрағасы Си Чжэнпин мыс саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Кездесу нәтижесінде жылдық қуаты 300 мың тонна болатын мыс балқыту зауытын салу туралы келісімге қол қойылды.



Зауыт Абай облысындағы Ақтоғай кентінің маңында салынады. Шикізат көзі Бозшакөл және Ақтоғай тау-кен байыту кешендерінің, «Шығыс-түстімет» ЖШС байыту фабрикаларының мыс концентраты болмақ. Зауыт құрылысының

қорытындысы бойынша әлемдегі ең ірі мыс кеніштерінің бірін және қазіргі заманғы мыс балқыту өндірісін біріктіретін кластер құрылады. Алдын ала құны 1,5 млрд АҚШ доллары болатын жобаның пайдалану кезеңінде 1000-нан астам жаңа

жұмыс орны ашылады. Жоба 2028 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Жоғары технологиялық өнім шығаратын кәсіпорын республикадағы ең ірі өндіріс орнына айналмақ. Мыс балқыту өндірісі саласында қолданылатын технологиялар

әлемдік экологиялық стандарттарға сәйкес келеді.

Кәсіпорын нарықтың құрамында мыс бар шикізат пен катодты мыс өңдеуге деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Катодты мыс электр энергетикасында, машина жасауда және басқа да өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар жаңа зауыт тазартылған алтын, күміс және күкірт қышқылын шығаруды жоспарлап отыр.

«Мемлекет басшысы орнықты экономикалық өсім міндетін қойды. Жаңа мыс балқыту зауытының құрылысы – елімізде өндірілетін мыс шикізатын қайта өңдеу көлемін арттыруға мүмкіндік беретін және экономикаға елеулі үлес қосатын ірі индустриялық жоба. Мыс саласы біздің өнеркәсіптің басым секторларының бірі және біз үшін оның қарқынды дамуы өте маңызды» деп атап өтті Олжас Бектенов.

## ЖЫЛУ МЕН ГАЗДАН ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Жуырда қалалық мәслихат депутаттары №2 жылу-электр орталығы мен «Астана өңірлік электр компаниясына» барды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Депутаттарға «Елорданың жылу энергетикалық жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жылу құбырларын салуды қамтитын «Жылумен жабдықтау желілерін салу» жобасы туралы ақпарат берілді. Бүгінгі таңда «Тұран» қазандығына жылу жеткізу желілерінің құрылысы 100 пайызға орындалды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Оның айтуынша, қазіргі кезде 12,2 мың абоненттің газға қолжетімділігі қамтамасыз етілген, олардың саны 200 мың адамды құрайды. Газға 10,2 мыңнан астам абонент

қосылды. Сондай-ақ №1 және №2 жылу-электр орталығының 16 қазандығы газға ауыстырылды. 17 әлеуметтік нысан газ құбырына қосылған.

«Әлеуметтік нысандарды дизель отынынан газға ауыстыру 2026 жылы аяқталады, бұл 300 мыңға жуық адамға газға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, тұрғын үй алаптарына газ құбырын тарту және энергия көздерін газға көшіру процесі ауаға таралатын зиянды заттардың көлемін жылына 40 мың тоннаға азайтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ газ баллондарын пайдалануға байланысты төтенше жағдайлардың қаупін азайтады» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.



## АНИМАЦИЯ ДАМЫМАСА – РУХАНИ ҚҰЛДЫРАЙМЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық заманда «рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттер туралы мәселені қайта күн тәртібіне қою керек» деп атап өтті. Жеткіншек ұрпақты ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарына сәйкес тәрбиелеу тетігі – отандық анимацияны дамыту.

Бүгінде қазақы ауылда туып, танымы қалыптасып келе жатқан жасөспірімдердің тілі орыс немесе ағылшын тілінде шығуда. Бұған әсер ететін фактор көп. Оның ішіндегі ең негізгісі YouTube пен TikTok-тың ықпалы зор. АҚШ, Германия, Франция, Англия, Жапония және Қытай анимация саласына стратегиялық маңыз беріп, миллиардтап, тіпті миллиардтап қаржы құяды. Шығыс Азия елдері – Корея, Жапония мен Қытай анимациясы ұлттық сипатта дамыса, Еуропа мен АҚШ-та коммерциялық бағытта бизнестің бір құралына айналды.

Көрші Ресей Федерациясында балаларға арналған анимациялы фильмдерді идеология құралы ретінде пайдалану үдеріске айналды. Оның айқын мысалы, 2020 жылы Мәскеу билігі мультимедиа саласын субсидиялауға 300 миллион рубль бөліп, анимациясының саны мен сапасын арттыруға мән берді. Соның әсерінен болар, Ресей 2010 жылы 25 мың минутқа жететін мультфильм шығарса, 2020 жылы 55 мың минуттан асырды. Ресей жылына 200 сағат анимациялық өнім ұсынаса, Қытай 3 мың сағат эфир дайындайды. Ресми Пекин анимация саласына ерекше екіпін беріп, өздері өндірген анимациясының уақытын 300 мың минутқа жеткізіп, әлемде бірінші орынға шықты.

Біздің балалар жат ел идеологиясының құрбанына айналып, өзінің ұлттық болмысына жат, санасына сай келмейтін өнімдерді тұтынуда. Өйткені біздің ел анимация саласында мақтана алмайды. Қазір жасөспірімдер шетел анимациясын өзінің төл туындысындай тұтынып, қалың қазақ отырған ауылдағы бесік балаларының тілі не орыс, не ағылшын тілінде шығуда. Өйткені отандық анимацияда тың ой, жаңашыл жаңалық жеткізу жағы кемшін. Бұрынғы сұрлеумен жүріп, күрделі, философиялық туындылар ұсынады. Балалар мұндай туындыны қабылдай алмайды әрі қызықпайды.

Жеткіншек ұрпақтың рухани бет-әлпетін мемлекет болашағының тамыры деп білеміз. Отандық анимация саласына жаңа серпін беру қажет. Ол үшін Үкімет ұлттық анимация өнімдерін субсидиялау көлемін арттыруы керек. Елдегі мультипликатор маманын даярлайтын оқу орындары 2D анимациясы бойынша білім берумен шектелмей, 3D форматты игеруге басымдық беруі – міндет. Кәсіби сценарист пен талантты суретшілер және IT мамандар бірлесе жұмыс істеп, сапалы анимациялық өнімдер дайындауды жолға қою маңызды.

Қазір балалар тез қозғалатын, әрі кетсе 10-15 секундқа созылатын, өзінің дүниетанымы мен көзқарасына сай келетін, бояуы қанық дүниелерге қызығады. Ендеше жасөспірімдердің таным-түсінігіне сай қысқаметражды анимация өнімдерін көбейту маңызды. Анимация саласын заманауи талаптарға сай дамыту үшін IT мамандарды тарта отырып, идеологтар мен психологтар, керек болған жағдайда, педагогтарды тартуды ойластыру өзекті. Онсыз әлем алпауыты – Disney сынды сапалы өнімдер түсіру мүмкін емес. Мәдениет және спорт министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірігіп, отандық анимацияны дамытуда концепция дайындауы маңызды.

Данабек ИСАБЕКОВ,  
Мәжіліс депутаты

№66 (4654) 04/06/2024 Сейсенбі



## ЕЛТАҢБА ТАРИХЫН БАЯНДАДЫ

«Астана – аймақтық электржелілік компаниясы» кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған сайыс өткізген болатын.



Байқау «Біз және рәміздеріміз», «Тарихымыздың рәміздері» және «Жас суретшілер – мақтаныш рәміздері туралы» тақырыпмен үш жас тобында өтті. Қатысушылардың жұмысы еліміздің рәміздеріне деген терең сүйіспеншілік пен құрметті көрсете отырып, еліміздің сұлулығы мен ұлылығын бейнеледі.

Кеше байқаудың жеңімпаздарын құттықтау рәсімі және мерекелік іс-шара өтті. Бұл басқосуға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков келіп, жиналған қауымға Елтаңбаның жасалу барысы туралы мазмұнды баяндама жасап, қызықты мәліметтермен, тарихи деректермен бөлісті.

Құрметті қонақтар қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов пен Мәжіліс депутаты Болат Керімбек болып, рәміздер туралы ойымен бөлісті. Компания ұжымының мерекелік іс-шарасында ақын, Ауған соғысының ардагері, қоғам қайраткері Бақытбек Смағұл Мемлекеттік рәміздерге арналған рухты өлеңін оқып, мерекелік іс-шараның шырайын ашты. Іс-шара соңында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония өнерпаздары өз өнерін ортаға салды.

## ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТҰМАРЫ

Елордада Мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті Геральдикалық зерттеулер орталығының ұйымдастыруымен және Астана қаласы әкімдігі Музыкалық жас көрермен театрының қолдауымен «Рәміздерім – тәуелсіздік бойтұмары» атты жас суретшілер көрмесі өтті.



Көрмеге әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы жас өнерпаздарының суреттері қойылды. Суреттерді сөйлеткен қылқалам шеберлері «Отанымының туы», «Көк тудың желбірегені», «Жайнай бер, Елтаңба», «Қазақстан – бейбітшілік елі», «Туымыздың қанатында», «Қазақстан әуені», «Рәміздер – өшпейтін мұра» сынды түрлі атаумен өз туындыларын ұсынды. Бейнелеу өнерін жанына серік еткен жас таланттылар еңбегінде жүнді бояу техникалары қолданылған. Көздің жауын алатын суреттер жиналғандарды тәнті етті. Орталық директоры Қалқаман Сарин жиналғандарды 4 маусым

– Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл күннің жастар үшін алар орны ерекше екенін алға тартты. Жиынның өтуіне қолдау білдірген ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Астана қаласы әкімдігі Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маамиров жас таланттылардың өнеріне ризашылығын білдіріп, тілегін жеткізді. Сонымен қатар Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі, композитор Бекболат Байсағатов, суретші, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Аңсаған Мұстафа, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенқызы сынды арнайы

шақырылған қонақтар жас өнерпаздардың қиялына қанат бітірген туындыларды жоғары бағалап, Мемлекеттік рәміздер күнінің маңызы жоғары екенін атап өтті.

Іс-шараға қолдау білдірген мекеме басшыларымен қатар, өз туындыларын ортаға салған жас суретшілерге алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Іс-шара соңы қазақ композиторы, Мемлекеттік әнұраның авторы Шәмші Қалдаяқовтың өмір жолы мен шығармашылығынан сыр шертетін «Шәмші» мюзиклінің қойылымына ұласты.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

ASTANA AQSHAMY

## РӘМІЗДЕРДІ ҰЛЫҚТАЙТЫН ОРТАЛЫҚ

Мемлекеттік рәміздер және геральдикалық белгілерді қолдану бойынша халықаралық тәжірибені зерделейтін Астанадағы Геральдикалық зерттеулер орталығы бұл жұмыстарды өзінің жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Орталықтың ведомстволық және өзге де наградаларды сараптау бөлімінің басшысы Әділхайыр Мырзахановтың айтуынша, мекеме Мемлекеттік рәміздерді пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге де қатысады.

Райхан РАХМЕТОВА

Мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді пайдалану мен насихаттаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, бұл белгілерді пайдалану және насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар дайындау да орталықтың басты қызметіне жатады. Сонымен қатар орталық консультант

дер, қоғамға ой саларлық әлеуметтік роликтер, Мемлекеттік рәміздерді және олардың бейнелерін, сондай-ақ Мемлекеттік гимн мәтінін пайдалану қағидалары бойынша семинарлар және т. б. жұмыс жүргізілді. Аталған жобалардың барлығы Мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға бағытталған, – дейді бөлім басшысы.

Еліміздің кейбір аймақтарындағы су тасқынына байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бюджет қаржысын қатаң үнемдеу жөніндегі



циялық-әдістемелік көмек көрсетеді. – Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, жұмыс жоспарына сәйкес, кешенді іс-шаралар жүзеге асуда. Атап айтар болсақ, Мемлекеттік рәміздерді, оларға деген құрметті дәріптеу мақсатында мектеп оқушыларымен, студенттермен кездесулер өтті. Алдағы уақытта әскерлер, мемлекеттік қызметшілер және т. б. арасында өткізу жоспарда бар, – дейді Ә.Мырзаханов.

– Орталықтың 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік өтініміне сәйкес, Мемлекеттік рәміздерге байланысты бірқатар іс-шара мен жоба ұсынылды. Атап айтар болсақ, отансүйгіштік рухтағы балалар мен жасөспірімдерге арналған анимациялық мультфильм-

тапсырмасына сәйкес қазіргі уақытта көптеген қоғамдық-бұқаралық іс-шараны өткізуге уақытша шектеу қойылған. Алайда көптеген мекеме Мемлекеттік рәміздер күнін өздерінің жылдық жоспарына сәйкес шағын форматта атап өтуде.

Орталық жарғысына сәйкес, Мемлекеттік рәміздерді қорлау әрекетіне бақылау жүргізу құзыреті қарастырылмаған. Алайда оған қарамастан орталық қызметкерлері күнделікті әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізіп, анықталған заң бұзушылықтар, осыған байланысты жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымын қарастырады, оларды тиісті мемлекеттік органдарға заңға сәйкес шараларды қабылдау үшін жолдайды.

## ДЕБАТ ТАҚЫРЫБЫ – ЕЛ НЫШАНДАРЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде студенттер арасында дебат өтті.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті Геральдикалық зерттеулер орталығының ұйымдастыруымен өткен іс-шарада агротехникалық және Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің белсенділері пікірталас жүргізді. Басты тақырып – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін коммерциялық мақсатта пайдалану, оның мағынасы мен символдық құндылығы.

Жақтаушы тарап Мемлекеттік ту немесе Мемлекеттік елтаңбаны

коммерциялық мақсатта пайдалану қазақстандық брендтердің танымалдылығын арттыруға және назар аударуға көмектеседі десе, қарсы тарап рәміздер тек мемлекеттік мақсатта қолданылуы керек және оны коммерциялық брендингте пайдалану ұлттық құндылықтарымызды қорлау ретінде қабылдануы мүмкін деген пікірін білдірді.

Іс-шара соңында дебат ойынының жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдірген ұстаздар мен студенттерге алғыс хаттар мен Мемлекеттік рәміздер бейнесіндегі төсбелгілер табысталды.



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА САБАҚ ӨТКІЗДІ

Балалар мерекесіне орай Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде ерекше балаларға арналған шеберлік сабағы өтті. Оны ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жанындағы мемлекеттік қызметшілерден құралған «Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органның мүшесі, Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті заң басқармасының бас маманы Сәния Омарова арнайы өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараның басты мақсаты – мереке қарсаңында денсаулығына байланысты қиындықтарға тап болған ерекше балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, оларға қамқорлық жасауды дәріптеу. Шеберлік сабағына қаладағы 30 шақты бала қатысты, оның ішінде ерекше балалар да бар. Бұл сабақты Сәния Омарова 2020 жылдан бері өз бастамасымен мереке кезінде ұйымдастырып келсе, биылдан бастап әр демалыс сайын өткізіп жүр. «Лидер.кз» қозғалысының белсендісі, үш баланың анасы, мемлекеттік жұмысынан бөлек, сенбі-жексенбі сайын балаларға арнайы уақыт бөліп, шеберлік сабағын өткізу өзінің жан қалауы, сүйікті ісі және балаларды жақсы көргендіктен екенін айтады.

– Қаладағы №12 кітапханада өткен сабағыма балалар қуана-қуана келеді. Әр сабақта әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасаймыз. Керекті көрнекі құралдарды, желім, қайшы, қағаз және тағы басқа заттарын өздері әкеледі, кейде жетпесе өзім де алып келемін. Әсіресе ерекше балалардың араласатын ортасы жоқ, олардың



ата-анасына да қиын, көбі үнемі баласын көзінен қырағы тастай алмай, қасынан шықпай отыруға мәжбүр. Солар осында келіп бір серпіліп қалады. Өзімнің балаларым өсіп кеткен, бос уақытта осындай қайырымды іс атқарған өзіме ұнайды, бұл менің хоббиім десе болады, – дейді волонтер, мемлекеттік қызметші Сәния Омарова.

Бұл жолы оған іс-шараны өткізуге Мемлекеттік қызмет

департаментінің мамандары көмекке келіп, аниматор ретінде балаларға өнер көрсеткен. Шеберлік сабағы өтетінін естіген жандардың бәрі балаларын соған қатыстыруға алып келеді, арасында оның әріптестерінің де балалары бар. Оқырман балалардың да қызығушылығын арттыру мақсатында қалалық кітапхана ұжымы ғимаратында шеберлік сабақ өткізуге қуана-қуана келісім береді.



## БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ

Астананың бес ауданында оқушыларға, ата-аналарға тегін психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинеттері ашылды. Бұл туралы Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте айтты.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елорда мектептерінде буллингке қарсы бағдарлама іске қосылды. Кабинеттер қаланың әдістемелік орталығы, Ұстаздар үйі, №22, 54, 88 мектептердің

базасында құрылды.

– Жыл басынан бастап 336 бала мен 377 ата-ана кеңес алды. Қазіргі уақытта қалалық психологиялық қолдау орталығы ашылууда. Орталық базасында диагностика, түзету-дамыту, консультация, психопрофи-

лактика қызметтері бар, – деді Қасымхан Сенғазыев.

Қазіргі уақытта елорданың білім беру ұйымдарында буллингке қарсы бағдарлама іске асуда. Ол үшін қанатқақты жобаға 5 мектеп (Алматы ауданының №72 мектебі, Байқоңыр ауданының №16 мектебі, Нұра ауданының №79 мектебі, Есіл ауданының №24 мектебі, Сарыарқа ауданының №6 мектебі) енді.

– Бағдарлама аясында қорқытудың алдын алу және азайту, буллингтің анықталған жағдайын шешу бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Сондай-ақ мұғалімдерді оқушылардың жай-күйінің дәрежесін анықтау дағдысына оқыту жоспарланып отыр. Елорданың бес мектебінде оқушылар арасында қорқытудың алдын алу мақсатында (№4, 24, 25, 72, 74) қанатқақты режимде Оқу-ағарту министрлігінің «ДосболLike» бағдарламасы іске асып жатыр, – деді басқарма басшысы.



## БЕРЕКЕСІ МОЛ ЖӘРМЕҢКЕ

Астанада жылдағыдай елорданың және ел өңірлерінің тауар өндірушілерінің қатысуымен қалалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі қайта өте бастады.

Елорданың Сарыарқа ауданындағы Б.Соқпақбаев көшесі, 21-үй жанында ашылған жәрмеңкеге Ақмола, Абай, Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласындағы жеке кәсіпкерлері қатысты.

– Қала қонақтары мен тұрғындары бұл жәрмеңкеден қажетті тауарларды нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмен бағамен сатып ала алады, себебі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз өнімдерін тұтынушыларға делдалсыз сатады. Кәсіпкерлер тауарлардың кең ассортиментін ұсынады, соның ішінде көкөністер, жемістер, сүт, азық-түлік және ет өнімдері бар, – дейді Астана қалалық Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі маманы Нұрдәулет Қосман.

Жаңа мекенжай болғандықтан, халық әлі үйренісе қоймағанмен тұрғындар біртіндеп келіп, жәрмеңкеден күнделікті пайдаланатын тағамдарын сатып алып жатыр.

– Әдетте, мұндай жәрмеңкелер орталыққа таман ашылатын. Қазір біздің ауданнан ұйымдастырылып, табиғи таза өнімдерді жақын жерден сатып алу мүмкіндігі туып тұр. Қиардың келісі 450 теңге, қызанақ 500 теңгеден екен, біздегі әлеуметтік базарлардың өзінде баға бұдан қымбаттау, қаймақ және шұжықтары да сондай

төмен бағада, өзім сол өнімдерді үйде көп пайдаланатын болғандықтан, арзан бағамен көптеу етіп алдым, біртіндеп бұл жерге бәрі үйренісіп кетер деген ойдамын, – дейді елорда тұрғыны Майгүл Жансейітова. Жәрмеңке әр демалыс күндері таңертеңгі сағат 10:00-ден кешкі 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



## ТЕГІН КЕҢЕС БЕРДІ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Халық заңгері» іс-шарасы өтті. Қазақстанның барлық өңіріне қанатын жайған республикалық акцияның мақсаты – құқық саласының білікті мамандары мен сарапшылары азаматтарға барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша тегін кеңес беру.

Бұл халықтың құқықтық сауатын арттыруға және азаматтарға тегін заң көмегін көрсетуге бағытталған. Оған адвокаттар, нотариустар, судьялар, прокурорлар, тергеушілер, сот орындаушылары, полицейлер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет,

әділет, салық органдары, жылжымайтын мүлікті тіркеу басқармасының қызметкерлері қатысады.

Іс-шараны ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ҚР Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен бірнеше жылдан бері дәстүрлі

түрде өткізіп келеді. 2016-2023 жылдар аралығында акцияға 8000-нан астам үздік сарапшы және мемлекеттік органдардың шешім қабылдай алатын, құзыретке ие өкілдері қатысқан екен. Көмекке 165000-нан астам азамат жүгінген.

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

«Мүгедек жастар орталығы» қоғамдық бірлестігі көз ауруы бойынша мүгедек адамдардың қатысуымен «Алға қадам» жобасын жүзеге асырды. Әлеуметтік осал топтағы адамдарға массаж және тыныс алу гимнастикасын жүргізу бойынша техникаларды игеруге байланысты бір айға созылған курс өтті.

Елордамызда «Білім мен денсаулық» орталығында массаж және Цигун тыныс алу адам толықтай курсты оқып шығып, арасынан өз массаж кабинетін ашып, үйренген дағдысының арқасында табыс көзіне шыққандар да болды. «Оқыған курстарымының арқасында өзім дұрыс тыныс

тапты. «Алға қадам» жобасы бастау алған сәттен бері 120 адам толықтай курсты оқып шығып, арасынан өз массаж кабинетін ашып, үйренген дағдысының арқасында табыс көзіне шыққандар да болды.

«Оқыған курстарымының арқасында өзім дұрыс тыныс

алуды, назарды бір нүктеге бағыттау дағдысын игердім» дейді аутистикалық спектрі бұзылған баланың анасы Ләззат Қарағожина.

Жобаға қатысушылар мүгедек жастар қозғалысының жетекшісі Мұрат Әбдімомыновқа ризашылығын білдірді.

## ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ DIGITAL-KAPTA

Елордада есірткіні тарату, сату, сатып алу және оны жасырын жарнамалауды жоюмен айналысатын арнайы сайт іске қосылды. Оған нашақорлыққа қатысты кез келген ақпаратты жіберіп, хабарлауға болады.

Жоба авторларының айтуынша, картаны іске қосу азаматтық белсенділікті арттыруға және есірткі қылмысының таралуына қарсы күреске бағытталған. Карта Астана қаласында қанатқақты режимде іске қосылды, сәтті жүзеге асқан жағдайда, барлық өңірде қолданысқа енеді.

«Digital-картада еліміз бойынша нашақорлыққа қарсы

ақпараттар бар. Кез келген адам есірткіні тарату, жарнамалау туралы ақпаратты көрсе, esbol.kz сайтына кіріп немесе Telegram-бот арқылы бізге жібере алады. Түскен ақпаратты құқық қорғау органдары өкілдерімен бірге анықтаймыз. Бұл жерде есірткіні сатушылар, таратушылар немесе жарнама жасаушылар ғана емес, оны сатып алушылар да анықталады.

Сондай-ақ қазір есірткіні QR-код арқылы жиі жарнамалайтын болған, оларды жою бойынша да күрес белсенді жүріп жатыр» деді «Esbol» қорының төрағасы Жандос Ақтаев жаңа сайттың таныстырылымы барысында.

Оның айтуынша, есірткі тарату туралы хабарлаған азаматтардың жеке басына қатысты құпия ақпарат сақталмайды.



Гүлбаршын  
ӘКЕШҚЫЗЫ

### 7 АУЛА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Алматы ауданының аумағында биыл 50 ауланы абаттандыру көзделіп отыр. Сондай-ақ, тағы 100 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысын жүргізу жоспарда бар.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында балалар мерекесі күні Майлин 8, Күйші Дина 44/1, Абылай хан 25, Жұмабаев 12а және Мүсірепов 6/1, 6/2, 6/3 мекенжайлары бойынша абаттандырылған 7 аула пайдалануға берілді. Аулалардың ашылу салтанатында өскелең ұрпаққа арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, аниматорлар балақайларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бұл аумақтарда шағын сәулет нысандарын, балалар ойын кешендерін орнату, алдыңғы бақтарды, ойын алаңдарындағы жабындарды ауыстыру, футбол және баскетбол алаңдарын жөндеу, сондай-ақ жаңа спорт алаңдары мен тұрақ аймақтарын ашу секілді ауқымды жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, қала тұрғындарының жайлылығы үшін орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды.

Аудан әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл жобаның ерекшелігі қос әткеншек, теңгергіш әткеншек, карусель және т.б. ұлттық стиль элементтері бар шағын сәулет нысандарын орнату болды. Өз кезегінде бұл қала инфрақұрылымын дамытудағы бірегей қадам және Алматы ауданының тұрғындарына арналған демалыс үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды.

Аула аумақтарын абаттандырумен қатар, 3 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы да жүргізіліп жатыр. Тәуелсіздік даңғылының жаяу жүргіншілер бөлігін дамыту мақсатында Ақбұлақ өзенінің жағалауынан Б.Момышұлы даңғылына дейінгі жаяу жүргіншілер бөлігін жайластырылып, даңғыл көгалдандырылды және жарықтандырылды. Тәуелсіздік даңғылы бойында мүгедектер арбасына таңылғандар үшін кедергісіз орта құрылады. Жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау үшін

# ЖАЙЛЫ ДА СӘНДІ ЖАҢА АУЛАЛАР

Астананың Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарында Халықаралық балаларды қорғау күнінде тағы 20-дан астам аула мен қоғамдық кеңістік ашылды. Бүгінгі таңда бас қаланы жүйелі деңгейде абаттандыру жалғасуда. Бұл ретте Астана әкімі Жеңіс Қасымбек қоғамдық кеңістіктер қатары көбейіп, ағаштар отырғызу, бақтарда жүгіруге арналған жолақшалар мен веложолдарды жаңарту, жарықтандыруды қалпына келтіру және т. б. жұмыс жүріп жатқанын айта келе, биыл елордада 170 қоғамдық кеңістік пен аула аумағын абаттандырудың жоспарланып отырғанын жеткізген болатын. Бұл жұмыс қаланың барлық бес ауданын, оның ішінде елді мекендерді де қамтиды.

көлеңкелі шатырлар жасау да назарға алынған. Сонымен бірге Т.Жүргенов көшесін абаттандыру арқылы Айнакөл көшесінен Ж.Нәжімеденов көшесіне дейінгі жаяу жүргіншілерге арналған демалыс аймақтарын жайластыра отырып, жаяу жүргіншілер бөлігін жөндеп, абаттандыру және көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл аумаққа 6 мыңнан астам ағаш және 44 мың бұта отырғызу жоспарланып отыр. Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру мақсатында Абылай хан даңғылынан Амман көшесіне дейінгі қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

### ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЙДІ

Байқоңыр ауданының аумағында орналасқан Бөгенбай батыр даңғылы 54, Абай даңғылы 71 және Республика даңғылы 10, 10/1 мекенжайларындағы аула аумақтары тұрғындар игілігіне тапсырылды.

Абай даңғылы 71 мекенжайында 13 жылдан бері абаттандыру жұмыстары жүргізілмеген. Ағымдағы жылы осы үйдің тұрғындары «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқасында өз аулаларын абат-

тандыруға қатысуға мүмкіндік алды.

Аулалардың ашылуы салтанатты түрде аталып өтті. Барлық аула аумақтарында кішкентай тұрғындар үшін футболдан турнир өткізілді. Үздік ойыншылар мен командаларға арнайы сыйлықтар және дипломдар табысталды. Сондай-ақ, түрлі аниматорлардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, іс-шараға қатысқан танымал елордалық спортшылар балалар мен тұрғындарды мерекемен құттықтады.

Биыл ауданында барлығы 44 аула аумағы, 6 қоғамдық кеңістік жаңадан абаттандырылады. Бұдан бөлек, 70 аула аумағында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл ауданда өткен жылы ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілген болатын. Оның аясында барлығы 11 қоғамдық кеңістік жайластырылды.

### 4 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ

Есіл ауданының «Пригородный» тұрғын алабындағы Қабанбай батыр даңғылы, 105 және Қабанбай батыр даңғылы, 105 «А» мекенжайларында абаттандырылған екі аула аумағының салтанатты ашылуы өтті. Бала-

Сондай-ақ, биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында ауданда 4 аула қайта жөндеуден өтіп, толықтай жаңартылатын болады. Жалпы осы жоба бойынша Есіл ауданы тұрғындарынан 30 өтініш қабылданды. Оның 11-і Ережеге сәйкес, дауыс беруге жіберіліп, нәтижесінде, ең көп дауыс жинаған 4 жоба биыл іске асырылады. Олар: Алматы көшесі, 13 үй немесе «Отандастар» тұрғын үй кешені тұрғындарының «Отандастар ТК аласын абаттандыру» жобасы; Сарайшық көшесі, 5/1 үй тұрғындарының «Балалар алаңы мен аула аумағын қайта құру» жобасы; Қабанбай батыр даңғылы, 42 үйде орналасқан «Инфинити-2» ТК тұрғындарының «Бақытты балалық шақ» жобасы және Қабанбай батыр даңғылы, 40 үйдегі «Инфинити-1» ТК тұрғындарының жобасы.

Аула аумақтарын ұйымдастырумен қатар, қоғамдық кеңістіктерде де жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Ботаникалық бақта вело және жүгіру жолдарын ауыстыру, ескірген төсеніштерді қайта төсеу, көпшілік бояу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, бүкіл Ботаникалық бақта жарықшамдар қалпына келтіріліп, спорт алаңдары және т. б. жаңартылады.

### АБАТТАНДЫРЫЛҒАН ОЙЫН АЛАҢДАРЫ

Елорданың Нұра ауданында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай абаттандырылған жаңа балалар алаңы пайдалануға берілді. Жөндеу барысында балалар алаңы жаңартылып, work out аумағы және үй аумағы абаттандырылып, шыршалар егілді. Қыз Жібек, 32 мекенжайында орналасқан аулада жөндеу жұмыстары «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында өтті.

Биыл аудан бойынша барлығы 17 аула жаңартылса, 65-інде жөндеу және қалпына келтіру

жұмыстары жүргізілмек. Толықтай абаттандыру жұмыстары жоспарланған аулаларда жаңа шағын сәулеттік формалар мен спорттық жабдықтар орнатылып, брусчатка ауыстырылады, аула ішіндегі аумақтар асфальт төселіп, жарықтандыру қалпына келтіріліп, жасыл желектер отырғызылады.

Жағалау ықшам ауданында 18 гектар аумақты кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс аясында 2 қоғамдық кеңістік пен 7 ойын алаңы абаттандырылады. Жол инфрақұрылымын жақсарту үшін 20 бейнебақылау камерасы, 150 саябақ жарықтандыру бағаналары, 150 қосымша тұрақ орны абаттандырылып, 9 шақырымдық жаяу жүргіншілер жолы желісі жөнделіп, салынады. Абаттандыру аймағы мен іргелес көшелердің бойына 1125-ке жуық ағаштар отырғызылды. Мұндай ауқымды жұмыстар 10 мыңнан астам астаналық тұратын 19 үйдің ауласында жүргізілуде.

Баспасөз қызметінің мәліметінше, биыл Нұра ауданында 3 сквер абаттандырылады. Оның ішінде көгалдандырылған 2 қоғамдық кеңістік Тұран даңғылында, бұрын сауда орталықтарының құрылысы жоспарланған учаскелерде пайда болады. Алдағы уақытта ЕК-32 көшесінде түрікмендік ақын Махтумқалидің ескерткіші орнатылған қоғамдық кеңістіктің абаттандырылуы аяқталады.

### «АҚЖАЙЫҚ» САЯБАҒЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Сарыарқа ауданында «Халық қатысатын бюджет-2024» жобасы аясында Д.Бабатайұлы көшесі 6, 8, 14, 16, 18 және Кеңдала көшесі 2, Боталы көшесі 26 мекенжайларындағы аулалар күрделі жөндеуден өтті.

Күрделі жөндеу жүргізілген аулаларда жаңа резеңке жабыны жайластырылып, ойын элементтері жаңартылды, спорт алаңдары мен футбол алаңдары жабдықталды. Бұл жобалардың барлығы да өз бастамаларын іске асыруға елеулі үлес қосқан тұрғындардың өтініштері негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, ағымдағы жылы «Халық қатысатын бюджет-2024» жобасы бойынша 30 ауланы абаттандыру жоспарланған. Жөнделген аулалардың ресми ашылуынан кейін балалар өздерінің сүйікті мультфильм кейіпкерлерімен кездесіп, ойындар мен байқауларға қатысып, сыйлықтар алды.

Ауданды абаттандыру жұмыстары мұнымен шектелмейді. Ағымдағы жылы Біржан сал, Гете, Құтпанов көшелері мен Республика даңғылын қайта жөндеу жоспарланған. Алдағы уақытта көшелердегі ескі жарық тіректерін жаңасымен алмастыра отырып, қосымша жарықтандыру жүргізіледі. Сондай-ақ, биыл Сарыарқа ауданы аумағында Юбилейная көшесі, 22 және Жеңіс даңғылы, 34 мекенжайлары бойынша екі жаңа қоғамдық кеңістік пайда болады.



## ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ КӨҢІЛДІ БОЛА МА?

Жазғы каникул кезінде астаналық жеткіншектер мектептер жанында ашылған лагерлерге барып демалуды ұнатады. Сондай көңілді каникул Астанадағы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінің «Alpha Camp» атты бейіндік лагерінде басталды. Сонымен қатар, елордадағы Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейінде «Ақбота» жазғы сауықтыру лагері балаларға есігін айқара ашса, «WEB CAMP» жаздық маусымдық лагері Астанадағы кәсіптік-техникалық колледжінде 10-14 жас аралығындағы балаларға арналған сауықтыру лагері қызмет етеді. Бұл лагерьдің ерекшелігі сол – «WEB CAMP», яғни балаларға қосымша компьютерлік графикалық дизайнерды меңгеруге көмегін тигізеді.



4600 бала оқитын мектептің тең жартысы – ана тіліндегі сыныптар, жартысында орыс тілінде балалар білім алады. Кезінде үш ауысымда жұмыс істеген мектеп осы оқу жылында жаңа ғимаратқа ие болып, білім алушылар екі ауысыммен оқи бастады.

«Alpha Camp» жазғы лагерінің ашылу салтанаты мектептің бастауыш ғимаратының аумағында, ашық аспан астында өткізілді. 4 мыңнан астам бала оқитын аралас мектептің 1-4, 5-8-сынып оқушылары үшін жұмыс істейтін жазғы лагерьдің ашылу салтанатына педа-

гог-тәлімгерлер, оқушылар, ата-аналар қатысты. Қолдарына түрлі түсті шар ұстап, жалаумен, түрлі киініп, іс-шараны әрлеген музыкамен флешмоб жасаған тәлімгерлер мен оқушылардың көңілді билері келгендерге қуаныш сыйлады, балаларды қызықты демалысқа жетеледі.

– Бізде профильді лагерь 4 маусым бойы жұмыс істейді. Таңғы 9-дан 3-ке дейін арнайы жасалған кесте бойынша балалар арасында тамақтанып, күш жинап алып, түрлі қызықты іс-шараларға қатысады. Мектеп жанындағы жазғы лагерьде IT сыныптары, ғажайыптар әлеміне саяхаттау үшін Гарри Поттер стилінде жасалған сыныптар бар. Дарынды балалар, техникаға бейім, зейінді балаларға арналған қолөнер бұйымдарын жасайтын, іс тігіп, бисер тоқитын ұқыпты оқушыларға, сондай-ақ спортпен айналысқысы келетін



шымыр жеткіншектерді тәрбие ісіне баулу мақсатында 60 тәлімгер арнайы даярланған. Бұл сыныптардың барлығы биылғы оқу жылында ғана жаңадан пайдалануға берілген бастауыш сыныптарына арналған жаңа ғимараттарда орналасқан, балалар үшін барлық жағдай жасалған, – дейді мектеп-лицейінің директоры Алма Жұмабекова.

Концерттік бағдарламада оқушылар ең жақсы көретін ғажайыптар мен сиқырлар әлеміне саяхаттап, Хогвартс игі істер академиясымен танысты.

– Осы жазғы лагерьге биыл үшінші жыл қатысып жүрмін. Маған тәлімгерлердің оқушылармен қарым-қатынасы, достарыммен бірге уақыт өткізу өте ұнайды, мұнда қызықты бағдарламалар көп, биыл да солай болатын шығар, – дейді 5-сынып оқушысы Ғалым Бижанов.

– Мен жазғы лагерьге бірінші рет келдім, мұнда қызықты боларына сенемін, ашылу салтанатының өзі өте қызықты болды, бұйырса, екі аптадай уақыт осында боламын, – дейді 3-сынып оқушысы Ерғазы Әбдірахманов.

Оқушылар мектеп ауласында тігілген киіз үйдегі «Жас қазақ» этнолагерінде еліміздің тарихымен, мәдениетімен сусындайды, халқымыздың салт-дәстүрі, әдебиеті, этнографиясымен терең танысып, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайды. Тәлімгер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Зәмзәгүл Кенжеахметқызы – оқушыларға қазіргі таңда тілімізде сирек қолданылып жүрген атауларды, бұйым түрлерін, киіз үй, музыка аспаптарының атаулары туралы айтып, тарихын тарқатады,

балалардың бай, керемет ана тілімізде сөйлеуіне септігін тигізіп жүрген тәжірибелі педагог. Өзі қаймағы бұзылмаған Торғай өңірінің тумасы, белгілі этнограф Сейіт Кенжеахметұлының перзенті екен. Ол кісімен алдағы уақытта этнография тақырыбында сұхбат жасайтын болып келістік.

– «Спорткамп» спорт лагерінде мықтырақ және ептірек бола түсесіздер, сонымен қатар бүлдіршіндердің қызығушылығын арттыру мақсатында «Диджитал камп» цифрлық лагерінде түрлі қызықты және ерекше ақпараттармен танысу жоспарлануда, – дейді жазғы лагерь жетекшісі Айжан Сақанова.

Мектеп жанындағы жазғы лагерьде балалар ұлттық салт-дәстүрлермен танысып, ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды кеңінен біледі.

Бетті дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Кейіпкеріміз – бұл салада 25 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман. Айман Оралбайқызы – ғылыми-әдістемелік жұмыстардың авторы, тәлімгер, Қазақстанның педагогтер қоғамы ұйымдастырған «Білім беру ісінің үздігі-2023» республикалық байқауының «Үздік педагог-психолог» номинациясының иегері.

– Айман Оралбайқызы, балабақшада педагог-психологтың орны ерекше екенін білеміз, осы ретте маманның мақсаты мен рөлін қалай бағамдар едіңіз?

– Педагог-психолог маманының мақсаты – білім беру саласын дамыту үдерісінде олардың жеке білім беру нәтижелеріне жетуіне психологиялық жағдай жасау негізінде балалардың психикалық денсаулығын сақтау және нығайту. Психолог мамандығын таңдаған адам ең алдымен тұрақтылық, бірізділік, талапшылдық, жауапкершілік, ұқыптылық, ұтымдылық қасиеттерін бойына дарытуы қажет. Мен, мысалы, жұмыс барысында барлық жас ерекшелік топтарындағы балалармен жұмыс істеймін. Ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлінеді, себебі уақытты қысқарту беру баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына септік етіп, психикалық дамуындағы ауытқулардың алдын алуға көмектеседі.

– Мектепке дейінгі тәрбиеде педагог-психолог маманы қандай әдіс тәсілдерді немесе нұсқауларды кеңінен қолданады?

– Психолог мамандығы – шығармашылық пен ізденіске толы мамандық. Қазіргі таңда психолог болып жұмыс істеу үшін университет немесе институт білімі аз болады. Қосымша жұмысыңнан бөлек, үнемі жаңа өзгерістерге сәйкес білім алып отыру керек.

Өз жұмысымда мен арт-терапия, сенсорлы кіріктіру, нейрпсихология әдістерін, Монтессори, АВА-терапиясының элементтерін пайдаланамын. Бұл әдістердің әсерінен бала бойындағы қорқыныш, сенімсіздік кетіп, жанындағы жолдастарына, өзіне сенімділік

## БАЛАНЫ БАЛАБАҚШАҒА ҚАЛАЙ БЕЙІМДЕЙМІЗ?

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – бала өміріндегі маңызды кезең. Балабақша балалардың жан-жақты дамуына қамқорлық жасайды, әр баланың психологиялық-физиологиялық ерекшелігі ескеріледі. Біз осы ретте Астанадағы Президенттік Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасының жоғары санатты педагог-психологы Айман Төлегенмен мектеп жасына дейінгі балалармен психолог маман атқаратын жұмыс барысы туралы сөйлестік.



пайда болып, шығармашылық жағынан ашылып, жағымсыз эмоциялардан арылып, өз мінез-құлқында жақсы дағдылар қалыптаса бастайды. Түзету-дамыту жұмыстары топтық, шағын топтық және жеке түрде жүргізіледі. Мен балалармен жұмыс барысында танымдық, шығармашылық ойын сипатындағы көрнекі әдістер, нейрпсихологиялық тәсілді, интерактивті технологиялар, арт-терапия, АВА-терапия элементтерін қолдана отырып, жас жеткіншекке әсер етуді ойластырамын.

– Баланы балабақшаға бейімделу үрдісі қандай? Балаға бұл жөнінен қалай көмектесуге болады?

– Баланы балабақшаға бейімдеу кезінде ата-ананың балабақша мамандарына және баласы баратын топтың тәрбиешілеріне деген үлкен сенімі болу шарт.

Баланы балабақшаға бейімдеу – бұл оны өмірдің жаңа жағдайларына, белгісіз кеңістікке, күн режиміне, тамақтану режиміне, сондай-ақ жаңа әлеуметтік ортаға және жаңа қатынастарға (тұлғааралық және ұжымдық) дайындау екені түсінікті. Жаңа

жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке қарай, балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтармен ойнамайды.

Баланы балабақшаға жағымды жағынан қалыптасып, бейімдеу үшін маман ретінде ата-аналарға мына кеңестерді ұсынар едік.

Балаға өзіңіздің алаңдаушылығыңызды көрсетпеңіз. Баланы балабақшаға бару қажет-

тілігі туралы ойлауға алдын ала дайындау керек екені айтпаса да түсінікті. Шешіміңіз туралы қуанышпен хабарлаңыз, сіз оны өте мақтан тұтасыз және ол балабақшаға бара алатындай үлкен бала болғанын айтыңыз. Бұл оқиғадан үлкен мәселе жасамңыз, күн сайын оның балабақшада болатын өміріндегі өзгеріс туралы сұрай берсеңіз, оны мазасыздандырып, күдігін күшейтіп алуыңыз әбден мүмкін. Ең бастысы, баланың күн тәртібіне назар аударыңыз!

Үйде де ұйқыдан тұрғызу, тамақтану, ұйықтау, серуендеу балабақшадағы күн тәртібі режиміне сәйкес келуі керек. Балаға өзін-өзі күтудің негізгі дағдыларын алдын ала үйретуге тырысу өте маңызды. Балаңыз балабақшаға келгенде, өздігінен тамақ ішіп, киініп, аяқ киім киіп, қарапайым гигиеналық процедураларды орындай алса, балаға ортаға бейімделу оңайырақ болады.

Балаңыздың ас мәзірін мүмкіндігінше балабақшадағыдай сәйкестендіріңіз. Балалардың балабақшаға барғысы келмейтін себебінің бірі – тамақтану. Егер оның кей тағамдарға аллергиясы болса, ескертуді ұмытпаңыз. Балабақшаға бермес бұрын да баланы басқа балалармен және ересектермен сөйлесуге дайындау маңызды. Онымен бірге ойын алаңдарына барыңыз, үйге шақырыңыз және балалары бар адамдарға қонаққа барыңыз, балаларды құрдастарымен ойнауға үйретіңіз. Бірінші күні сабырлы болуға тырысыңыз, себебі балалар ата-ананың қобалжуын жақсы сезінеді. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңі ата-анаға да үлкен қобалжу әкелетінін түсінуі керек. Кей сәттерде олар баладан да артық күйзеледі. Сондықтан отбасы мүшелері өз сезімдерін бақылап, негізін түсініп отыруы қажет.

Балабақшадағы баланың бейімделуі әртүрлі, кейбір балалар 1-2 апта түскі асқа дейін қалады, кейбірі 2-3 аптадай ұйықтауға қалып жүреді, ал ортаға оңай бейімделген балалар 3-4 аптадай толық күнге қалады. Баланың ерекшеліктеріне байланысты бүкіл процесс тездетіліп немесе баяу жүруі мүмкін.

Балабақшаға баланы апарып тастарда тез қоштасып кетіп қалуға тырысу қажет. Баланы сүйіп, құшақтап, кешке келетінін білдіріп, қолыңызды бұлғап кетіп қалғаныңыз жөн. Баланы қалдырарда келердегі нақты уақытты атаңыз және кез келген жағдайда кешікпеуге тырысыңыз.

– Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін ата-анаға қандай кеңес бересіз?

– Психологиялық тұрғыдан салауатты адам – ол, ең алдымен, ақкөңіл және ашық, шығармашыл, өзін және қоршаған ортаны тек санамен ғана емес, сезіммен, интуициямен танытқан адам. Ол өзін жақсы түсінеді және айналасындағы адамдардың бірегейлігі мен құндылығын мойындайды.

Психологиялық салауаттылық адамның өмір бойында қалыптасады. Әрине, өмір барысында ол өзгеріп тұрады және баланы қамқорлыққа алып отырған ересектердің міндеті – сол психологиялық денсаулығын сақталуын және нығайтылуын қамтамасыз ету.

Баланың психологиялық денсаулығын сақтау үшін отбасында баланың өсіп жетуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту, тазалық дағдыларын қалыптастыру, еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету маңызды. Баланы тәртіпке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшыл болуға, сергектік пен есті әрекеттерге баулу – күн тәртібіндегі мәселе.

**Ж**алпы тудың түбін Түркіден таратуға болады. Бірақ сол тудың өзін әртүрлі атаулармен әртүрлі мағынада түсіндіретіндер аз емес. Қазақ санасындағы байрақ, жалау, ту деген үш түрлі ұғым бұл күнде бір мағынада сияқты болып кеткені де сондықтан. Шын мәнінде бұл үшеуі үш түрлі мәнге ие. Өйткені «байрақ ол әскери дәреженің, лауазымның белгісі ретінде жеке адамдарға немесе тайпаларға тән. Ал жалау деген найзаға немесе дулығаға тағылатын жаугершілік белгі. Ту болса мемлекеттің, тұтас елдің белгісі» деп түсіндіретіндер де бар. Дегенмен қайсысы қай мағына білдірсе де, бәрінің түпкілікті мәні өзгермейтіні анық. Мысалы, жеңіске жеткен жақ өзінің жеңіс белгісі ретінде сол аумаққа туын орнатып, отыратын болған. Сондай-ақ қан майдан шайқаста жау әскерінен өз сарбаздарын айырып алу үшін де сондай бір белгі ретінде жалау қолданған. Ол кейіннен әр тайпаның өзінің жалауы немесе туына айналса керек.

Сонымен қатар ежелгі қазақта «ту қандау» деген әскери ғұрып болған. Бұл рәсім ел тағдыры мен жер тағдыры сынға түскен шешуші шайқастарға шығардан бұрын жасалып отырған. Бұл туралы ғалым Серікбол Қоңдыбаев өзінің «Жауынгерлік рух» кітабында деректер келтіріп, «туды қанға суару, біріншіден, оның кейіпкерлігін білдірсе, екінші жағынан, рухқа берілетін садақа құрбандықтың жолын танытады» деп түсіндіреді. Яғни сол бір замандар да арнайы ақ боз атты құрбандыққа шалып, ақ туға оның қанын жағатын болған. Міне соны «ту қандау» деп атаған.

Жалау мен тудың бетіндегі суреттер мен белгілер бір тайпаның немесе бір елдің символдық белгісі ретінде сонау ерте заманнан-ақ келе жатқанын осыдан білуге болады. Ал біздің көк туға дейінгі бабаларымыздың ұстаған туларының бейнесі де әртүрлі болғанын кейінгі дәуір жоққа шығармайды. Мысалы соның бір көрініс ретінде Алтын Орданың ақ жалауын айтуға болады. Тіпті бабаларымыздың бөрілі байрақ ұстаған тусын да тілге тиек етуге болады.

Өйткені «Бөрілі менің байрағым, бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» деп жырлаған Сүйінбай ақынның сөзіне сүйенсек, онда көк бөрі біздің тотемдік ұғымымызға айналғаннан бастап, туымыздың

# ҚАЗАҚҚА ДЕЙІНГІ КӨП ТУ МЕН ҚАЗАҚ КӨТЕРГЕН КӨК ТУ

«Жамиғат, біздің тарих – алтын шынжыр, әр жерден жиі үзіліп, көп жалғанған» деп ақын Есенғали Раушанов айтқандай, қазақ өзінің көк туын көтеріп, көсегесі көгергенге дейін қаншама рет қылыштың жүзінен, ажалдың ізінен өтті десеңізші? Міне, сондай аттың жалы, түйенің қомындағы замандарды артқа тастаған еліміз, 1991 жылы өз егемендігін алып, 1992 жылдың 4 маусымында азат ел ретінде тәуелсіз Қазақстанның көк туын көкке желбіреткен болатын. Ал енді бабалар көтерген байрақтан бастап, көк түріктің көтерген туынан көк туға дейінгі ұстаған туларымызды санамыздың сахнасында желбіретіп көрсек.



белгісі ретінде пайдаланылып келген деуге болады. Негізінен тарихта қазақтың туларына салынған үш белгі бар. Олар: айдаһар, көкбөрі болса, кейін келе бұл белгілер ай-жұлдыз болып өзгерген. Кей деректерде сарматтар мен ғұндардың туында айдаһар бейнеленгені жөнінде мәлімет кездеседі. Сол сияқты сақтардың да туында

жануарлардың бейнесі болғаны болжанады. Ал Күлтегін заманында көк бөрі бейнеленген. Сондықтан да, түркі жұрты өзін көкбөріден жаратылғанбыз деп бөріге табынады. Әрі тарихта түркілердің бөрінің басы бейнеленген көк байрақ ұстағаны айтылады. Сол сияқты кей тарихшылар біздің Алтын Орда, Ақ Орда дәуіріндегі туымыз ақ

жалау болыпты, оған Шыңғыс әулетінің таңбасы тарақ пен жарты айдың бейнесі бейнеленген деп айтып жүр. Оған дәлел ретінде Анжелино Дулцерт деген итальян картографының 1339 жылғы құрастырған картасындағы Алтын Орданың туы деп көрсеткен үлгіні айтады немесе 1375 жылы Абраам Крескес құрастырған каталондық атласта да

осы байрақтың суреті бар екені көрсетіледі.

Кей деректерде күллі алаштың атасы саналатын Алашаханның туы алашұбар болған дейді. Алайда нақты Алашаханның кім екені туралы дерек жоқ. Шоқан Уәлихановтың дереккөзіне сүйенсек, ол – XIV ғасырдың орта тұсында өмір сүрген адам. Жалпы, алашұбар ту туралы кейінгі кезде көп айтылған. Оған мысал – Ахмет Байтұрсынның «Мұсылманның ұраны – шұбар ала ту алдың» деп жырлағаны. Шәкәрім Құдайбердінің де жазбасында шұбарала ту туралы дерек бар. Міне, мұның бәрі қазақ тарихында шұбарала тудың да бір мезет көтерілгенін растаса керек. Тіпті кейін бұл туды Амангелді бастаған ұлт-азаттық көтерілістің көсемдері де көтерген. Сонымен қатар тарихта Әмір Темірдің де аспан түстес көк жалау ұстағаны айтылады. Ал қазақ хандығының туын да тарихшылар әртүрлі болғанын айтып, пікір таластырып жүр. Бірақ белгілі ғалым Әлкей Марғұланнның жазбасында қазақ хандарының шашақтап тоғыз құйрық байлап, ортасына төре таңбасы кестеленген қызыл түсті жалау көтергені айтылады. Сондай-ақ Шыңғыс әулетінің көтерген тулары да әртүрлі болған сияқты. Мысалы, кей деректерде Сарай хандарының қызыл ту, Шағатай ұрпақтарының ақ ту, Үгедей ұрпақтары көк ту көтеріп дараланғаны да кездеседі. Тіпті орыс жазбаларында біздің орыс ханымыздың қызыл ту көтергені, оны кейін қазақтың Есім, Тәуке, Болат, Әбілмәмбет сияқты хандары жалғастырған. Бірақ Абылай хан жасыл туды желбіреткен дейді. Оны кейін немересі Кенесары да ұстаған деген де деректер бар. Дейтұрғанмен, қалай болмасын осының ішінде ақ ту көтерген деген мәлімет тарихта жиі кездеседі. Өйткені қазақ ұғымында ақ – пәктіктің, әділдіктің нышаны. Сондай-ақ ақ киізге отырғызып, ақ ту көтеріп, хан сайлайтын дәстүр де бар. Тіпті Дешті Қыпшақтың жалауының да ақ түсті болғанын тарихтан білеміз. Тіпті бір деректерде

Қарахан дәуірінде қызғыш қоңыр реңдегі туды ұстағаны айтылады. Оның бетіне жебе мен тарақтың суретін салған. Ал енді жаңағы жасыл ту дегенге келсек, бабаларымыз ислам дінін қабылдағаннан кейін туының түсін жасылға өзгерткен көрінеді. Негізінен біздің ислам дініне дейінгі заманда ұстаған туларымыздың бетіне «айдаһар» мен «көк бөрі» бейнеленіп келген. Кейін ислам дінінің әсерінен ол бейнелердің орнын «ай», «жұлдыз» секілді белгілер басқан. Алайда қазақ елі өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін түркіден келе жатқан түпкі санасын қайта жаңғыртып, оны өз туына бейнеледі деуге болады.

Шын мәнінде Мемлекеттік рәміздердің бетіне салынған әрбір бейне ол – кие, қасиет, белгі. Кішкене күнімізде әжелеріміз аяқ асты бірдеңе бола қалса немесе оң қабағымыз тарта қалса, «жақсылықтың нышаны ғой» деп ырымдап отыратын. Дәл сол сияқты біздің мемлекетіміздің тәуелсіз екендігінің бір нышаны – Елтаңба, Ту, Әнұран. Міне осы үшеуі – үш жүздің бірлігі мен тәуелсіздігінің айғағы.

Ал тік бұрышты кездемеден көгілдір түспен бетіне күн қондырған қыран бейнесі салынып, жиегі оюлармен нақышталған біздің Туымыздың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Туда бейнеленген нақыштардың мағынасына келсек, зеңгір көк кеңдікті, ашықтықты, биіктікті білдірсе, күн мәңгілікті, қозғалуды, үздіксіз дамуды, нұр бейбітшілікті, жылуды, қыран еркіндікті, билікті көрсетеді. Ту тұратын ағаштың сабындағы ұлттық оюдың мағынасы бір-біріне жалғасқан ұрпақтар сабақтастығы мен кеше мен бүгіннің қосындысын болашаққа жеткізу деген мағынада.

Қазақ батырына бата бергенде, «туың жығылмасын» деп айтады. Дәл сол сияқты, біреуге жақтаса қалсаң, ел арасында «оның жалауын көтеріп» деген сөз тіркестері бар. Міне, мұның бәрі де тудың қашанда жеңімпаз жаққа тәуелді екенін білдірсе керек.

Ал енді ту көтеріп, астындағы тұлпарын тулатқан елдің туы мәңгі желбіреуі үшін біз тәуелсіздік пен тұрақтылықтың бейбіт өмірдің қадіріне жете білуіміз керек. Қаралы елдің қайғысын қара түмен бөлісіп, қаралы үйде қара қой сойып, қасіреттенетін күн бізден аулақ болып, керісінше көк бие сойып, көгінде көк ту желбірейтін күн көбейсін қашанда.

Шапағат ӘБДІР

## МАҒЫНАЛЫ МЕРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні елорданың Алматы ауданының ардагерлер кеңесінің мүшелері «Барыс» деп аталатын тұрғын үй кешені тұрғындарының арнайы шақыруымен Айнакөл көшесіндегі үйге ат басын тіреді.

316 пәтерлі зәулім үйдің кіре берісінде қос тұғырға мемлекетіміздің көк байрағы мен Барыс бейнесі салынған ақ ту орнатылыпты. Бұл дағы еліміздің қасиетті рәмізін қастерлеудің белгісі деп түйінделді. Үйдің ауласы мұнтаздай таза, жапырақ шашқан шырша, қарағай, ақ қайың, терек ағаштарымен жасыл желеңге бөленіп, құмыраға отырғызылған алқызыл гүлдер айналаға қадімгідей көрік беріп тұр. Мереке өтетін спорт алаңынан музыка әуені төгіліп тұр. Спорт алаңы да ауқымны кең, мұнда жалға беріп, қаржы төлеп, кәсіпқой футболшылар дайындық жаттығуларын өткізеді екен.

Бізді қарсы алған, осы іс-шараны өткізуге мұрындық болған Мүлік иелерінің бірлестігінің

(МИБ) төрағасы Жанабай Бәшәрулы:

– Біз көктемнің алғашқы күндері етек алған суықтан және сәуір айында болған су тасқынының салдарынан өткізе алмаған Наурыз, Қазақстан халқының бірлігі мерекесін, бүгінгі Халықаралық балаларды қорғау күнімен ұштастырып отырмыз, – деп алдын ала ескертті.

Мерекені тамашалауға тұрғын үй кешенінің барлық тұрғыны жиналыпты. Кішкентай немерелерін жетектеген ата-әжелер, мерекелік концертке қатысушы балғын балапандарды жетектеген ата-аналар осы іс-шараны ұйымдастырушыға арнайы жолығып, рақметін жаудырып жатты.

Мереке еліміздің әнұранын айтудан басталды. Бүкіл алаңда

жиналған жұрт оң қолын жүрекке тақап, мемлекетіміздің қастерлі рәмізін аса бір асқақ сезіммен орындап шықты. Одан соң мерекені тамашалауға келген ақсақалдар сөз алып, еліміздің болашағы бүлдіршін балапандарға арналған ақ тілектерін жаудырды.

Бұл іс-шараға арнайы келген Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин:

– Құрметті халайық! Еліміздің түпкір-түпкірінде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шаралар өтіп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің құттықтауында «Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан еліміздегі әрбір жеткіншектің мейірім мен



қамқорлыққа бөленіп, үлкеннің қолдауын сезінуі, ертеңгі күнге сеніммен қарауы өте маңызды» деген еді. Бүгінгі той – соның жарқын көрінісі, – деп Абай хакімнің «Қара сөздер» кітабын сыйға тартты.

Мереке алдын-ала дайындалған концерттік бағдарламамен жалғасты. Кішкентай бөбектерден жасқалған би

топтары «Балапан», «Ерке сұлқым», ересек жастардан құрылған «Хип-хоп» тобы, «Гармония сна», орта топтың биші қыздары «Веселье Пони», екінші хореографиялық орта топтың бишілері «Микки-Маус» биімен көрерменнің ризашылығына бөленді. Әсіресе арнайы шақырған «Вайнах» би ансамблі жұрттың көңілінен шықты.

Сонымен қатар каретист балалар өз өнерлерін ортаға салды. Көпшілік ортасынан әнші әжелер мен аталар да шығып, мерекенің сәнін келтірді.

Манап ӘДІРЕШЕВ,  
Астана қаласы Алматы аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі,  
медиа топ төрағасы

## ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУ

Қазан федералды университетінде Абай орталығының ашылуы – екі ел арасындағы ғылыми және рухани байланыстың нәтижесі.



Абай – әлемдік деңгейдегі меңгер тұлға. Адамзаттың барлығын «бауырым» деп сүй деген Абай өзінің гуманистік, даналық тағдыры арқылы әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарынан табыла отырып, адам бойындағы кереғарлықтарды жою мақсатында ұлағатты терең ойларын қалдырды.

Күллі адамзатқа ортақ дара ой алыбы Абайдың әрбір даналық сөзін, қоғамдық мәні аса жоғары философиялық түйіндерін, ғылыми-танымдық көзқарасын елімізде ғана емес, әлем жұртшылығына насихаттау – біздің басты міндетіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық мақаласында да нақты міндеттерді жүктеген еді.

«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын жүйелі зерттеу, талдамалық, әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу, абайтанумен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтарды академияның төңірегіне топтастыру, ғылыми тұрғыдан үйлестіру бағытында ғана емес, қазіргі таңда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласындағы Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездесу барысында: «Шын мәнінде, елдеріміз арасындағы байланыстың тарихы терең. Тарихымыз – ортақ. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты міндетті түрде дамыту керек деген пікіріңізді қолдаймын. Қазақстан бұған дайын» деген еді.

Екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, достық пен рухани жақындықты нығайту барысында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті екі университет арасындағы келісім аясында осы жылдың 15 мамыр күні Қазан федералды университетінің Филология және мәдениетаралық коммуникация институтында «Абай атындағы қазақ тілі мен мәдениеті орталығын» ашты. Екі жүз жиырма жылдық тарихы бар, білім беру саласында орасан зор тәжірибесі мен ғылыми ізденістерге бай Қазан федералды университетінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлына арналған орталықтың ашылуы – еліміз үшін

миссиясын жүзеге асырудың көрінісі деп санаймын. Орталық болашақта хакім мұрасын жан-жақты зерттеу, насихаттау жұмыстарымен қатар, бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, қазақ тілін оқыту және насихаттау, мәдени байланыстарды нығайту, халықтың бай және төл мәдениетін, тарихы мен салт-дәстүрін таныту, сондай-ақ екі университет арасындағы заманауи жетістіктерімен және даму жоспарларын іске асыру бағытында ауқымды жұмыс істейді деген зор үмітіміз бар.

Абай орталығының Татар елінде ашылуының маңызы да ерекше. Екі туыс елдің рухани жақындығымен қатар, Абайдың ұлы ақын болып қалыптасуында татар халқының алатын орны ерекше. Абай білім алған, азаматтық көзқарасы қалыптасқан Семей қаласында татар халқының көптеп қоныстанғаны тарихтан белгілі. Ақынның даналығы терең толғағдарының қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы айтқанда татар халқының ұлы перзенті Шихабеддин Маржани еске түсері анық. Абай дала дәстүрі мен халық философиясын бала жасынан бойына сіңіріп, медреседе оқып, таным көкжиегін кеңейткенде, өзі де жан-жақты іздену аударылған медресінде оқыған кітаптары мен тәлім алған ұстаздарының тигізген әсері айрықша. Маржанидің ағартушылық бағытын ұстанған Ахмет Ризаның медресінде оқу жас Абайға үлкен мектеп болғаны анық. Семей қаласындағы терең рухани білім беруге баса назар аударылған медреседе Абай ислам дінінің қағидаларын, сонымен бірге сопылық ілімді де меңгеріп, жалпы түркілік, шығыстық әдебиет пен мәдениетке, ғылым-білімге сусындап шыққаны ақиқат. Заманында қазақ даласына келген Татар молдалары елімізді ислам дініне баулып, медреселер ашып, мешіттер салып, діни кітаптар таратып, білімге шақырды.

Абай – жаңашыл тұлға. Ол жаңа жазба әдебиеттің негізін қалап, қазақ даласында бұрын болмаған



алыс-жақын шетелдердегі ұлы ақынға қатысты ұйымдармен тікелей жұмыс істеуде. «Абай – мемлекет ісінің мүдделесі», «Абай – ұлттық болмыстың үлгісі», «Абай – әлемдік мәдениет тұлғасы», «Абай мұрасы – түркі әлемінің мәдени капиталы», «Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары» т. б. бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

«Абай академиясы» ғылыми жобасының жетекшісі, академик Ерлан Сыдықов басшылығымен бүгінгі күнге дейін университетаралық келісімшарт негізінде әлемнің төрт жоғары оқу орнында Абай орталықтары ашылған болатын. Баку мемлекеттік университеті, Беларусь ұлттық техникалық университеті, Иорданияның Петра университетінде және Ереван мемлекеттік университетінде Абай мұрасын насихаттау негізінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

маңыздың жаңалықтың бірі. Бұл – абайтанудың жаңа белесінің нәтижелі жұмыстарының, игі істердің бастамасы болары да анық.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасының Қазан қаласындағы бас консулы Ерлан Ысқақов, ҚФУ президенті Рияз Минзарилов, ЕҰУ басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ардақ Бейсенбай, Татарстан халықтар достығы үйінің директоры Тимур Қадыров және «Ресей – Ислам әлемі: KazanForum» форумының құрметті қонақтары қатысты.

Іс-шара барысында Абайдың шығармашылық мұрасы жаңаша тұрғыда зерделенген ғылымтанымдық еңбектер мен ғылыми-танымдық кітаптарды табыстап, ұлы ақын мұрасын насихаттау бағытындағы келелі жоспарларымызды бір талқылап алдық.

Абай орталығының ашылуы халықтар достығы мен университеттердің адамзаттың рухани құндылықтарын сақтау мен көбейтудегі

әдеби мектеп қалыптастырды. Бұл ретте арғы тегі Қырым татарларынан тарайтын Ысмайыл Гаспыралы мен Абайдың үндестігін аңғармау мүмкін емес. Жаңашыл бағыттағы «Ахмет Риза» медресесінде Маржани шәкірттерінен тәлім алған Абай «Тәржіман» газетін жаздырып алып, үзбей оқып тұрғаны баршаға аян.

Қазан – архивтік құжаттарға бай, ғылым-білім байлығы жинақталған қаланың бірі. Осы сапар барысында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті басшылығы Татарстан мемлекеттік ғылым академиясымен ортақ өзара ынтымақтастық келісімге отыруының өзі, болашақта бірлесіп атқаратын игі ғылыми істердің бастамасы болары хақ.

Жандос ӘУБӘКІР,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ҒЗИ директоры, ф.ғ.к., доцент, PhD

Өнер – айналамыздағы барлық тыныс-тіршілікті, дүние мен адам өміріндегі әсемдікті көркем бейнеде көрсететін сала. Осы жолда биіктен көрінген тұлғаларымыз жетерлік. Солардың бірі – «Viken» I халықаралық театр фестивалінде «Ең үздік әйел адам бейнесі» номинациясының иегері атанған Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрының дарынды жас актрисасы Шынар Қалдыбай. Актёрлік өнердің қыр-сыры туралы сұхбат барысында айтып берді.



## ӘРТІС БОЛМА, АДАМ БОЛ!

– Шынар ханым, актёрлік салада өз жолыңызды қалай бастадыңыз?

– Кішкентай кезімнен өнер адамы болғым келетін. Ата-анам да мені соған қарай бағыттады. Өйткені кезінде анам актриса болуды армандаған. Бойымнан өнерге деген қызығушылықты көріп, әртүрлі дамыту орталықтарына апарып жүрді. «Шабыт» оқу ордасына түсуге үш рет бақ сынадым. Қазақ ұлттық өнер университетінің мектебіне, колледжіне, университетіне оқуға тапсырғанмын. Бірінші сыныпта қобыз мамандығы бойынша бардым, мектебіне түсе алмай қалдым. 9-сыныптан кейін эстрадалық вокалға тапсырамын деп шештім. Бойымда қандай қабілет болды – сонымен бардым. Алайда колледжде де түсе алмадым. Қайтсем де түсемін деп, 11-сыныпта дайындалдым. 93 ұпаймен университетке муздрама мамандығына грантқа түстім. «Шабытта» оқып шықтым. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Иманбаеваның шеберханасында оқыдым. «Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» дейді ғой. Осы шеберханаға түскеніме қатты қуанамын. Ащысын да, тұщысын да татып, аман-есен оқуды бітіріп шықтық.

– Рөлдерге қалай дайындаласыз? Арнайы әдістер немесе рәсімдер бар ма? Жанбике Жанинаның бейнесін сомдағанда қалай дайындалдыңыз?

– Актёрлік сала – сан қырлы мамандық. Мысалы, дәрігер мамандығын 8 жыл оқыса, біз ол рөлге 1 ай дайындалуымыз керек. Сол уақыт аралығында дәрігерлер қандай болуы керектің, ең аз дегенде базалық білімін зерттейміз. Сырт көзге оңай болып көрінгенмен, олай емес. Бұрын адамдар «Әй айтып, би билеп жүре бересіңдер» деп айтатын. Шынына келсек, бір премьераны шығару үшін театрда қонып қалатын кездеріміз болады. Кейде таңға дейін қаламыз. Қаншама мәтін жаттау керек. Әр кейіпкердің мінез-құлқын зерттеп, бойы-

мызға сіңіре алу қажет.

Мен рөл сомдаған «Chanel №5» деректі драмасын Жанбике Жанина үшін алдым. Ең қиыны – шын өмірде болған тұлғаларды зерттеу және ойнау. Ойdan шығарылған кейіпкерді сан құбылтып ойнай беруге болады. Ал өмірде болған кісінің өзін қалай ұстауын, қандай адам болғанын барлық деректі егжей-тегжей толық ақтара отырып қарап шығу керек. Біз осы қойылым үшін АЛЖИР-ге, КАРЛАГ-қа да бардық. Сол жақтағы адамдардан сұрастырдық. Кейіпкерлерімізді барынша зерттедік. Жауапкершілігі мол қойылымдардың бірі болды. Бұл номинацияны аламын деп мүлдем ойламадым. Тіпті марапаттау рәсіміне де бармадым. Бір сәтте қарасам, телефоныма хабарламалар түсіп жатыр. Көзіме жас келді. Бұл – театр сахнасындағы менің алғашқы жетістігім.

– Кино индустриясы туралы не ойлайсыз? Болашақта ойнағыңыз келетін рөл бар ма? Қандай режиссермен жұмыс істегіңіз келеді?

– Талай кастингтің табалдырығын тоздырғанмын. Қазір кино саласында кәсіби актерлер емес, блогерлер көбейіп кетті. Менің жеке ойым, әркім өз мамандығы бойынша жұмыс істеуі керек. Режиссерлер, театр актерлері кинода жасанды ойнайды деп айтады. Бірақ бұл сөздер, негізі, шындыққа жанаспайды. Оның барлығы режиссер мен сценаристке байланысты. Мысалы, «5:32» сериалын ойнағандар – театр актерлері. Сценарийден ауытқуға болмаса, қалай бар, солай ойнап береміз. Не талап етеді, соны істейміз. Әркімнің өз арманы бар. Мен тарихи фильмге түскім келеді. Ақан Сатаевпен жұмыс істегім келеді. Театрда көбіне үлкен жастағы адамдардың рөлін сомдаймын. Ұжымда жастар болғандықтан барлық рөлді ойнай береміз. Бірақ бұл рөлдерді жасым келген кезде де ойнай аламын. Сондықтан өз жасымдағы кейіпкерді ойнасам деймін. Адам қай жаста болмасын өзін көрсете алуы қажет. Алдағы

уақытта болашағымның жарқын боларына сенемін.

– Жеке өміріңізді және жұмысыңызды қалай үйлестіресіз?

– Бізде театрда 15 жұп бар. Күйеуі де, әйелі де осында жұмыс істейді. Театрда табысқан жұптар. Сондықтан жұмысқа кедергі жоқ. Бір салада, бір театрда болғандықтан, бір-бірімізге әрқашан қолдау көрсетіп, дем беріп отырамыз. Әрине, үйде жақындарым көмектеседі. Олар мені әрқашан түсінеді, қолдайды. Өріне тек алғысымды айтқым келеді. Себебі ол кісілер болмаса, бұлай жүрмес едім. Бұрыннан жолдасымның өнер адамы болғанын қалайтынмын. Басқа саладан болса түсінбеуі мүмкін. Өйткені жұмыс кестесі бізде басқаша. Премьера болғанда қызу жұмыс басталады.

– Жақсы актерде қандай қасиет болу керек деп ойлайсыз?

– Әртіс болма, адам бол! Бізді ұстаздарымыз жақсы адам болмай, жақсы маман бола алмайсыңдар деп тәрбиелеген. Адамгершілік қашанда біз үшін ең алдыңғы орында тұрады. Осы қасиет болса, адамдардың да сыйластығы арта түседі.

– Өнерде өркендеуге ұмтылған жас актерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Біздің мамандықта «бап шаба ма, бақ шаба ма?» деген түсінік бар. Өмір бойы өзін қамшылап, үлкейгенде жетістікке жеткен адамдар да болады. Сондықтан біздің мамандықта «Керек жерде, керек уақытта табыла білудің» маңызы зор. Мүмкіндік болса, өз-өзіңді көрсетіп, өзіңді жақсы көру қажет. Өзіңді жақсы көру деген сөз – ол ішкі сенімділік. Ұялықтықты бір шетке ысырып қою керек. Жоғары оқу орнын бітірсең болды, керемет актер болып кететініне кепілдік жоқ. Сондықтан тек өзіңмен тұрақты жұмыс жүргізу, үнемі ізденісте болу ғана бізді өсіреді.

Гүлназ МҰХАНЖАН,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



# ВЕЙПТИҢ

## «КӨЙПІ» ҚАУІПТІ

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

### ЖАЛҒАН ЖЕЛЕУ ЖАРҒА ЖЫҒАР

Дендеп күрескен табандылықтың арқасында вейптің ұрпақ денсаулығына өте зиян әрі отбасы бюджетіне қып-қызыл шығын келтіретіні жан-жақты дәлелденді. Нәтижесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 19 сәуірде елімізге вейптерді әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салатын заңға қол қойды. Бұдан былай оның жарнамасына қатаң шектеу қойылып отыр. Жоғарыда айтқанымыздай, бұған қол жеткізу үшін 2-3 жыл бойы тер төгуге тура келгенін айтпасақ болмайды. Себебі алғаш әңгіме көтерілгенде, қарсылық білдірген шетелдік компаниялармен қатар, іштегі лоббистер табан тіреп отырып алды. Алайда халықтың денсаулығы мен балалардың болашағын ойлаған зиялы қауым қоғамдық пікірге сүйене отырып, «экономикалық мақсат» деген жалған желеудің алдына тосқауыл қоя білді. Адам ағзасына өлшеусіз залал келтіретін никотин аэрозолін тоқтату үшін блогерлерден бастап министрлер, депутаттар, әкімдер атсалысты. Соңында көпшіліктің уәжі ескеріліп, заңға өзгерістер мен түзетулер енді.

Жалпы қазақы ұғымға жат «вейп» деген сөз қайдан шыққаны жөнінде мәліметтерге назар аударып көрейікші. Вейп – ағылшынның vaping, яғни «булану» деген сөзінен шыққан шылым шегу үдерісі. Тек мұнда темекі өнімі сұйық күйінде құрылыға (вейпке) құйылып, қызған соң бу (түтін) шығады. Кейінгі кезде оны жақтаушылар «оның ағзаға зияны жоқ» деген қып-қызыл өтірікті беті бүлк етпей айтып келеді. Шындығында, вейп адам ағзасына (әсіресе балалар мен жасөспірімдерге) темекі мен алкоголь ішімдігінен де зиянды екені дәлелдене бастады. Дегенмен темекі өндірісінің өкілдері одан түсетін орасан зор пайда мен табысқа құныққаны сонша, оны еселеп өндіріп, жанын салып қорғауға тырысуда.

Мойындау керек, Азия мен кейбір Батыс елдерінде қазір қоғамдық орындарда темекі тартатындарға қарсы бітіспес майдан ашылған. Шылым шегудің зияны туралы жаппай насихатталып, тіпті баласының көзінше көк түтінді будақтататындарды ата-ана құқығынан айыру жөнінде мәселе көтерілген жағдайлар бар. Айыппұл салынып, азаматтар тарапынан наразылық болған соң,

Астана қаласында жоғары сынып оқушыларының үзіліс кезінде электронды сигарет шегетіні талай айтылды. Алайда «оның денсаулыққа ешқандай зияны жоқ. Бұл – тек темекіні ауыстыратын тәтті түтін» деген пікірлер айтылып, бұл өнімдерге «шаң жуытпай», қызғыштай қорыған мүдделілер көп болды.

талап-арыз беріле бастаған соң, қоғамда темекі шегушілер қатары сирепті. Осы тұста ел ішінде вейп деген шыға бастаған. Алғашқы электронды сигаретті 2003 жылы қытай фармацевті, коммерсант Хун Лик деген адам ойлап тауыпты. Ал 2004 жылы оның ашқан жаңалығын Гонконгтың ірі компаниясы – Golden Dragon Holdings өндіріске енгізіп үлгерген. Осыдан кейін-ақ аспан асты елінде темекі өндірісі мен одан түсетін табыс өрлеп жүре берген.

### ТҮТІНГЕ ТӘУЕЛДІЛІК КҮШЕЮДЕ

Қазір әлемде атынан ат үркетін алып компаниялар вейп өндірісін дамытып, қалтасын қампитууда. Кейбірі брендтік вейптер мен электронды сигареттерді кәсіпорынның басты маркасына айналдырып алған. Осы төңіректе IQOS бренді мен ірі-ірі компаниялар вейптердің алпауыт өндірісін қыздыра

### АРНАЙЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ- ЛЕР ЕЛДЕ 11-15 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ҰЛДАРДЫҢ 14 ПАЙЫЗЫ ЖӘНЕ ҚЫЗДАРДЫҢ 6 ПАЙЫЗЫ ВЕЙП ҚОЛДНАТЫНЫН АНЫҚТАҒАН

түсуде. Ал электронды сигареттер шығаруда Green Smoke, Nicocigs, Intelligig, CN Creative, Blue Cigs, Dragonite, Skycig кәсіпорындары никотин өндірісінің көш басында көрініп келеді. Осылардың өнімдерін ел ішінде еркін тарату үшін лобби жасайтындар Қазақстанда кейінгі кезде жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Тіпті «Темекі түтінінен бас тартайық» деп аталатын бір қауымдастық «вейпке тыйым салып, электронды сигареттерді қалдырайық» деген сыңайда ұран тастап, өзінің кімнің мүддесін қорғап тұрғанын айқын аңғартып қойды. Қарапайым халық үшін вейптің не, электронды сигаретің не – бәрі бірдей емес пе? Екеуі де зиянды түтін. Маркетинг тұрғысынан «жану үдерісі жоқ», «никотин бөлінбейді» деп аңқау

елге арамза молда болғанша, оның синтетикалық никотин екенін ашып айтатын уақыт жетті.

Қоғам белсендісі Аймұрат Есентемірдің айтуынша, вейптен де, электронды сигареттен де едәуір никотин бөлінеді. Оларға тәуелділік, әсіресе балалар мен жасөспірімдерде, екі-үш рет сорғаннан кейін-ақ пайда болатын көрінеді. Қазір көптеген мектепте кейбір оқушылардың 45 минуттық сабаққа шыдай алмай: «тамақ жыбырлап, құлағымыз шуылдап бара жатыр» деп сыртқа жүгіре жөнелетіні туралы арыз-шағым көп. Міне, бұл – вейп шегетін жеткіншектердің оған тәуелді болуының салдары. Егер күнделікті сигаретте 0,7-0,9 миллиграмм никотин болса, вейпте 20, 40, 60 миллиграмға дейін жетуі мүмкін. Сондықтан «темекі тастап, вейп тартыңдар» дейтіндердің жайын алыстан түсінуге болады. Олар – көкейін ақша тескен қулар.

### ТАЛАП ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Астана қаласының тұрғыны, мектепте 40 жылдан аса ұстаз болған Айбол Асқарұлы бұл мәселені көптен көтеріп келе жатқанын айтады.

«Білім шаңырағында ұл да, қыз да үзіліс кезінде болсын, былайғы уақытта болсын, көк түтінді бүркыратып тұрғанын талай көріп, өздеріне де, мұғалімдеріне де ескерту жасағанмын. Немерем оқитын мектептің директорымен сөйлесіп, бірігіп қимыл-әрекет жасап, нәтижеге қол жеткізгендей болдық. Ал енді қоғамдағы, көшедегі осы тұрғыдағы келеңсіздікті бірнеше құзырлы органның есігін қағып жүріп енді ғана бір жүйеге түсіргендей болып отырмыз.

Өйткені қолымызда Мемлекет басшысы қол қойған заң бар. Ол күшіне енген соң біз де күш аламыз ба деп ойлаймын».

Қазақстанда арнаулы вейп-дүкен үшін жабдықталған 800-ден аса орын мен электронды сигарет сататын 8000-нан аса сауда нүктесі бар. Вейптер дүкен сөрелерінде көрнекті жерде баланың көзін қызықтыратындай жерде жарқырап тұрады. Ал оны бақылап, қадағалап жатқан тірі пендені байқамайсыз. Оны айтасыз, осы заң шыққалы «вейптер мен электронды сигареттерде никотиннің аздығын дәлелдегісі келіп, жаңшыра қимылдаған ұйымдасқан адамдар тобы еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінен лицензия сұрап, бірнеше рет ұсыныс түсіргені белгілі болды. Әрине, мұндай ұсыныстар қабылданбайтыны түсінікті. Өйткені оқушылардың денсаулығын бұлдіріп, келешек өміріне орны толмастырған нұқсан келтіретін вейп, электронды темекі сияқты зияны мол заттарды қоғамнан аластауға енді ғана қол жетіп жатқанда, жеке мүддесі мен құлқының қамын ойлаған санаулы топтың әрекетіне бұдан былай жол берілмесі анық.

Бажайлап қарасақ, бұған дейін Денсаулық кодексінің 110-бабы 17-тармағында бізде вейптер мен оларға арналған сұйықтықтарға тыйым салынғанын көреміз. Бірақ ол жасы кәмелетке толмағандарға ғана қатысты болатын. Ал осы талапты күнделікті өмірде кім сақтапты? Вейп-дүкендер мен сауда орындары ешкімнің жеке куәлігін сұрамайды. Ақшасы бар ма, 10 жасар бала келіп тұрса да сата береді. Айтпақшы, арнайы жүргізілген зерттеулер елде 11-15 жастағы балалар арасында ұлдардың 14 пайызы және қыздардың 6 пайызы вейп қолданатынын анықтаған.

«Вейп деген – өте зымиян нәрсе. Оны баланың тұтынып жүргенін білу аса қиын. Өйткені түтінінің иісі білінбейді, сағыз шайнаған сияқты сезіледі. Баланы қызықтыратыны да осы. Ал шын мәнінде ол – никотин. Соны жеткіншек сезбей жұта береді. Оқушылар бір вейпті бірлесіп те қолданады екен. Бұл өте қауіпті, бірінің жұқпалы дерті біріне жұғуы әбден мүмкін» дейді тәжірибелі ұстаз.

Темекі өндірісімен айналысатындардың мектептердің түтінге көміліп, шәкірттердің болашағына балта шабылып жатқанымен шаруасы шамалы. Дегенмен алғашқы 30 елдің қатарында Қазақстан да өзінің жас ұрпағын қорғап, заң шығарды. Бұл алдағы уақытта барлық келеңсіздікті реттейді деген сенім зор.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ШЫРМАУЫ


Әлеуметтік желіні жақсы жағынан өз пайдасына қолданатындар бар. Дәл солай білместіктен денсаулығына зиян тигізіп жатқандар жеткілікті.

Қазіргі таңда әлеуметтік желі адамзат өмірінің бір бөлшегіне айналған. Елімізде ғаламтор шеңберін пайдаланушылардың саны артпаса, кемімейді. Оны қолдана алатын кез келген адам өзіне қажетті, пайдалы мағлұматтарды тауып қана қоймай, өзара бір-бірімен немесе қоғаммен бөлісе алады.

Пайдалы жағын айта кетсек, алыс елдегі адамдармен, таныстарымызбен, жақындарымызбен оңтайлы ұялы телефон арқылы тілдесе алатынымыз, яғни тек өзара пікір алмасып қана қоймай, еліміздегі түрлі жаңалық, қоғамдағы қызу талқыланып жатқан мәселелер төңірегінде ой бөлісеміз.

Мектеп оқушылары үшін көптеген электронды кітап нұсқалары шықты. Кітапты тасығанша, бала телефон құрылғысын пайдалана отырып оқуына болады. Жұмыс орнына орналасуға өтініш беріп, үйге кезекке тұру, несие рәсімдеу, пәтерді жалға алу сынды онлайн қызметтер уақытты үнемдейді.

Әлеуметтік желі арқылы хоббиін тапқан адамдар да көп. Ғаламтор мүмкіндігінің кеңдігі сонша, қосымша арқылы жеке бизнесін, имиджін қалыптастырғандар бар. Бәрімізге мәлім Instagram, YouTube қосымшалары арқылы қомақты табыс тауып жатқандар баршылық.



«Әлеуметтік желіден әр адам керекін алады. Мысалы, өзін ақша тауып отырмын. Белгілі бір кәсіпорынның желідегі парақшасын жүргіземін. Ол сатылымды өсіреді, солай кәсіп дамиды. SMM маманымын» деді елордалық тұрғын Айкөркем Бахтиярқызы.

Егер оны шамадан тыс қолдансақ, ғаламтор желісінің зиянды тұсы да жеткілікті. Әуелгісі денсаулыққа зиян, атап айтқанда, жүйке жүйесінің жұқаруы, бастың жиі ауруы, көру қабілетінің нашарлауы. Кейде адамдар сана-сезімі әлсіреп, сөйлеу қабілетінен айырылады. Компьютер мониторының алдында ұзақ уақыт отырғандықтан психика тез бұзылады. Ғаламтор желісінде алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны әртүрлі жағдайда бопсалап, жала жабуы әбден мүмкін.

«Ғаламтордың әсерінен тіл сауатсыздығы көбейіп барады. Тәуелсіздік алып, ана тіліміздің мәртебесі өз қолымызға тигенмен, тілімізге орнығып алған кейбір аралас сөздерден әлі арыла алмай келеміз» дейді қазақ тілі мен әдебиет пәнінің маманы Айнагүл Кемалиева.

Қорытындылай келе айтармын, әлеуметтік желінің тек тиімді тұстарын қолданып, аса тәуелділікке ұрынбайық.

Анель АМАНГЕЛДИЕВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің студенті

## #КЕРЕККЕҢЕС

### ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ КІМДЕРГЕ ТИЕСІЛІ?

Жәрдемақы екі қаржы көзінен төленеді – мемлекеттік бюджеттің және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаржысынан төленеді. Мемлекеттік бюджет көбііңізге белгілі болса, ал мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік төлемдердің мынадай түрлерін жүзеге асырады: еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы, асыраушысынан айырылу жағдайы, жұмысынан айырылу жағдайы, жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайы, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылу жағдайы, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы.

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны бұрын жұмыс істеген және жұмыс берушісі қолданыстағы заңнамаларға сәйкес әлеуметтік төлемдерді тұрақты түрде төлеп тұрған әрбір адам алады.

### ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДІ РӘСІМДЕУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

**1**  
қадам

Алдымен жұмыссыз ретінде тіркелу керек. Оны қаланың мансап орталығында немесе eGov.kz порталында немесе онлайн режимінде электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) порталында тіркелуге болады.

**2**  
қадам

Жұмыссыз ретінде тіркелген соң төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісу үшін мобилді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

### Жұмыссыз қалған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себебіне қарамастан жүзеге асырылады.

#### Төленетін жәрдемақы көлемі қалай белгіленеді?

Азаматтардың алған жалақысының шамамен 40 пайыз көлемінде төленеді. Жұмысынан айырылу бойынша жәрдемақы көлемі бірнеше мөлшерге байланысты. Яғни соңғы 24 ай ішіндегі алған орташа жалақысы ескеріледі. Жұмыс берушінің әлеуметтік сақтандыру қорына жасаған төлемдері (егер азамат ресми түрде қатарына бес жыл үзіліссіз жұмыс істеген болса), лайықты жәрдемақы алуына мүмкіндігі артады. Ал жалақының жоғары көлемі 7 АЕК-тен аспауы керек. Ол 2024 жылы 595 мың теңге.

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақының 10 пайызы көлеміндегі сомма міндетті зейнетақы жарнасы ұсталады. Оны Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы азаматтың жеке есебіне аударады. Жұмыссыз қалған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем мына формула бойынша анықталады: Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті табысты алмастыру коэффициенттеріне және қатысу өтіліне көбейту жолымен айқындалады.



#### Егер адам жұмысқа орналасса

ҚР әлеуметтік кодексіне сәйкес, әлеуметтік жәрдемақы алушы бес жұмыс күні көлемінде өзінің тұрақты, уақытша, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім бойынша жұмысқа тұрғаны туралы мансап орталығына хабар беруге міндетті.

#### Жәрдемақы төленбеуі мүмкін

-Ақпараттық жүйеде өтінім берген азаматтың өтініші болған жағдайда;  
- Өтінім беруші қажетті құжаттардың толық өткізбесе немесе олардың мерзімі өтіп кеткен жағдайда;  
- Төлем төлеуге қажетті жеке куәлік, құжаттағы мәліметтер сәйкес келмесе;  
-Жұмыссыз қалған жағдайда азаматтың әлеуметтік төлем алуға құқығы болмаса;  
- Өтініш беруші төлемді тағайындау үшін қажет шектеулі жеке деректерге қол жеткізуді қамтамасыз етпесе;  
-Соңғы 24 айда өтінім беруші үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлемдер түспеген жағдайда.



## GAMQOR.GOV.KZ АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫНДА ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ ДЕП ТАНЫЛҒАН ТҮЛҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТЕКСЕРУ ФУНКЦИОНАЛЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің маңызды басымдықтарының бірі – ақпараттық жүйелерді үнемі жаңғырту және жетілдіру, Мемлекет басшысының, Бас прокурордың тапсырмаларын іске асыру жөніндегі бағдарламалық құжаттарды уақытылы және сапалы орындау.

Азаматтың өз іс-әрекеті арқылы азаматтық құқықтарды алу және жүзеге асыру, өзі үшін азаматтық міндеттер туғызу және оларды орындау (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәсіпкерлік және өндіріс кезінде, яғни он сегіз жасқа толғанға дейін толық көлемде туындайды.

Заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, ешкімнің әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды.

Азаматтық кодексте және Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген негіздер болған жағдайда ғана азамат сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық департаменттерімен сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған адамдар жөнінде мәліметтердің «Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне уақытылы, толық және дұрыс енгізілуі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда барлық азаматтық қолжетімділігі үшін Қазақстан

Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті gamqor.gov.kz жария порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Аталған функционал азаматтардың ыңғайлылығымен олардың уақытын үнемдеу үшін жасалған, яғни қазіргі таңда уәкілетті органдарға өтініштерді жолдап, жауапты 15-20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет ресурстарын пайдаланушыларға үйден шықпай, қысқа мерзімде сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін gamqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі сот

әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде жеке сәйкестендіру нөмірімен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады. Оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады.

Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

**Э. ТУРАБЕКОВА,**  
**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Астана қаласы бойынша Департаментінің азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры**

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 5 шілдеде сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Занды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Тұрақ орындарын орналастыру мүмкіндігінің жоқтығын, сондай-ақ абақтандыру аймағынан қоқыс контейнерлерін шығару мүмкіндігін ескере отырып, Ә.Бөкейхан көшесінің жүріс бөлігін 4 жолаққа дейін кеңейту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені қару.

2. «Сақтау қордың әкімшілік ғимараты.

Зертханасы бар керн қойма ғимараты. Геологиялық мұражай» объектілерін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қару, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы мен Арнасай көшесінің қиылысы, тапсырыс берушісі «Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті» РММ.

3. «Азаматтық авиация мұқтажына арналған әкімшілік ғимарат» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу туралы өтінімді қару, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы мен Арнасай көшесінің қиылысы, тапсырыс берушісі «Қазаро-навигация» РМК.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде n.galymzhan@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә. Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, Астана қаласы бойынша жетпіс бір (71) антенна-дінгек құрылысын орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу

туралы хабарлайды, тапсырыс берушісі «Астана Innovations» АҚ.

Жоспарланған құрылыстардың орналасқан жері туралы толық ақпаратпен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 27 маусымда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.



## ӨНЕР БАЙҚАУЫНА ШАҚЫРАДЫ

Бас қалада Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның шығармашылығына арналған I халықаралық вокалдық өнер байқауы өтті. Айтулы өнер додасына әлемнің түкпір-түкпірінен талантты жастар бағын сынауға келді. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония ұйымдастырды.

Жаһандану дәуірінде заманауи отандық мәдениетті ілгерілету, ұлттық вокалдық мектептің дәстүрлерін сақтау, дамыту және арттыруды мақсат еткен байқауға 20-35 жас аралығындағы әлемнің кез келген елінің кәсіби вокалмен ән айтатын өнерпаздар қатысты.

Талантты жастардың жолын ашатын байқау жеңімпаздары опера театрларында өнер көрсетіп, үлкен сахнада алғашқы қадамын жасайды, жеке орындаушылық ерекшелігін, музыкалық және әртістік қабілетін

шыңдауға мүмкіндік алады. Байқаудың қазылар алқасы әлемдік классикадағы кәсібилігі жоғары және көрнекті сахна шеберлерінен құралған.

Байқау кезеңдері Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның камералық және концерт залдарында өтті. Өнер додасы аясында қазылар алқасы мүшелерінің шеберлік сабақтары жоспарланған.

Нұржамал Үсенбаеваның I халықаралық вокалдық өнер байқауы 2024 жылғы 4 маусымда жеңімпаздар мен

қазылар алқасы қатысатын салтанатты Гала-концертпен аяқталды. Байқаудың жалпы жүлде қоры 13 200 000 теңге болса, оның ішінде Гран-при жүлдесі 5 миллион теңгені құрады.

Мыңнан жүйрік шыққан жеңімпаздар – байқаудың лауреаттары мен дипломанттары «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының арнайы сыйлығына ие болды, яғни үздік танылғандар К.Байсейітова атындағы камералық залдың сахнасында 2024 жылғы 5 маусымда үлкен сахнада өнер көрсетеді.

Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## КӨШПЕНДІЛЕР КӨШІ ЖАҚЫНДАДЫ

Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына 100 күн қалуына орай салтанатты іс-шара өтті.

Ұлттық спорт түрлерін насихаттау және қала тұрғындарын алдағы көшпенділер ойындарымен таныстыру мақсатында өткен жиынға ұлттық спорт түрлерінің өкілдері, жаттықтырушылар, еріктілер, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатына Туризм және спорт министрлігінің Ұлттық спорт түрлері басқармасының басшысы Еламан Махамбетов, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының төраға орынбасары Тастанбек Есентаев, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Абылай Қондыбаев, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов және «Толағай» алыштар сайысының негізін қалаушы Темір Спатаев қатысты.

Тастанбек Есентаев ойындардың еліміз бен және халықаралық қоғамдастық үшін маңыздылығын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен осы жылдың



8-13 қыркүйек аралығында Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Ойындар ұлттық спорт түрлерін дамытуға және елдер арасындағы мәдени байланысты нығайтуға серпін

береріне сенімдіміз.

ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген этникалық спорт түрлерінен бірегей халықаралық жарыстарды өткізу – біз үшін үлкен мәрте-

бе және жауапкершілік. Бұл іс-шара мәдени мұрамызды сақтаудың және жаһандық деңгейде ілгерілетудің маңыздылығын айқындайды» деді Т.Есентаев.

Ал астаналық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов спорттық нысандардың дайындық барысы туралы баяндады.

«Бірлік» ән-би ансамблінің би қойылымдары, қазақ күресінен ашық жаттығу, тоғызқұмалақ пен дәстүрлі садақ атудан шеберлік сабақтары, сондай-ақ арқан тарту, асық ату және ләңгі ойындары ұсынылды. Сонымен қатар, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары тақырыбында викторина өтіп, қатысушылар арасында билеттер ойнатылды.

Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы, Ұлттық және ат спорт түрлері орталығы, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясы іс-шара ұйымдастырушылардың қатарында болды.

## ЖАРҚЫН ФЕСТИВАЛЬ ЖАРҚЫЛЫ

Елорда тағы да тамаша өнер жұлдыздарының басын қосты. «Астана Операда» «Опералия» халықаралық фестивалінің ашылу рәсімі өтті. Фестивальдің биік деңгейін, айрықша талғамы мен ауқымын көрсеткен кеш «Гала-опера» деп аталды. Кеште опера өнерінің хас шеберлерімен қатар, осынау жарқын жанрмен енді ғана таныса бастаған жастар да өнер майталмандарымен бір сахнада өнер көрсетті.

Кештің шымылдығы ғажайып композитор Мұқан Төлебаевтың «Біжан-Сара» операсындағы айтыспен ашылды. Сахнаға жарқырап шыққан Бибігүл Жанұзақ пен Мейір Байнеш кештің шырайын келтірді.

«Опералия» фестивалі танымал италиялық әртістердің өнер көрсетуімен, вокалдық жоғары деңгейін паш етуімен есте қалды. Олардың қатарында сопрано Дезире Ранкаторе, баритон Альберто Газале мен тенор Джулио Пеллигра бар еді. Симфониялық оркестрге бағдарлама авторы Джузеппе Акуавива мен маэстро Абзал Мұхитдин дирижерлік етті, музыка әлемінің биік деңгейін көрсеткен оркестр әлем таңдай қаққан туындыларды нақышына келтіре отырып жеткізді.

Биыл Қазақстан мен Италия арасында өзара түсіністік пен әріптестік жөнінде меморандумға қол қойылды. «Опералия» екі ел арасында әртістерді өзара алмастыру туралы жоспарлар-

ды жүзеге асырудың мақсатты бір бөлшегіне айналды. Бұл меморандум қазақ мәдениетіне әлемдік мәдени кеңістікте ойып тұрып орын алуға мүмкіндік берері сөзсіз.

«Опералия-2024» әлемнің 9 елінен келген опера жұлдыздарының басын қосады. Түрлі елдер мен дәуірлердің мәдениетін біріктіретін мәдени марафон 31 мамырдан 13 шілдеге дейін жалғасып, көрерменге опералық қойылымдар, балеттер мен концерттік өнер көрсетулерді қамтитын мазмұнды бағдарлама ұсынбақ» деп атап өтті Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Опера» директоры Ғалым Ахмедьяров.

Фестивальдің ашылу рәсімінде театр фойесінде театрландырылған шоу өткізіліп, опералық нөмірлер орындалды. «Опералия» бағдарламасына енген спектакльдердің костюмдері мен реквизиттері таныстырылды. Фестиваль аясында опера мен балет өнерінің озық үлгілері көрсетілді.



## ОТБАСЫЛЫҚ СПОРТ САЙЫСЫ

Астана қаласының Алматы ауданы әкімдігі Спорттық бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясымен бірлесіп, мерекелік отбасылық спорт сайысын ұйымдастырды.

– Алматы ауданында Халықаралық балаларды қорғау күніне арнап «Әкем, анам және мен» атты эстафеталық жарыс өтті. Бұл жарысқа ауданымыздың тұрғындары қатысты. Іс-шараның мақсаты – балалар күнін атап өту. Жалпы 10 отбасы қатысуда, өте қызықты, тартысты болды. 1, 2, 3-орын алған отбасыларға медальдар мен мадақтау қағаздары табысталды. Барлық қатысушыға спорттық және тұрмыстық тауарлар таратылып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды, – деді Алматы ауданы әкімі аппараты ішкі саясат бөлімінің бас маманы Айбын Айдынұлы.

Іс-шара ұйымдастырушысы Азамат Баиловтың сөзінше, «Анам, әкем және мен» сайысы балаларға қуаныш сыйлау, отбасылардың бір-

бірімен сөйлесіп, қарым-қатынасын нығайтып, спортқа қызығушылығын арттыруға бағытталды.

– Әр ауданның өзіне бекітілген жетекшілері бар. Біз жыл сайын әрбір мерекеге алдын ала жоспар құрып, атап өтуге, тұрғындарымызға көңіл-күй сыйлауға тырысамыз. Сонымен қатар біз тек спорт сайыстарын ғана емес, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық сынды ұлттық ойындарды да өткіземіз, – деді А.Баилов.

Сайыс соңында жеңімпаз отбасыларға мадақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталып, іс-шара көтеріңкі көңіл-күймен аяқталды.

Іңкәр БЕКБОЛАТОВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің студенті



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №66

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС